



## БІЛІМ БЕРУ ЖОБАЛАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ НАҚТЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованы қабылдады.

Президентке 2025 жылдың қорытындысы мен биылға арналған міндеттер таныстырылды.

Жұлдыз Сүлейменова жаңа Конституция құндылықтарын ілгерілету мақсатында оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. «Таза Қазақстан» бастамасы аясында экологиялық білім беру стандарттары әзірленді. Сондай-ақ мектептерде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілуде.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа бастауыш білім берудің мазмұнына жүйелі талдау жасалғаны баяндалды. Мектеп бағдарламалары оқу, жазу және есептеу дағдыларына басымдық бере отырып, қайта қаралуда.

Мемлекет басшысына «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 460 мың оқушыға арналған 217 білім ошағының құрылысы аяқталғаны жөнінде мәлімет берілді.

Саланы цифрландыру бойынша кешенді шаралар қолға алынған. Бүгінде мектептердің 99 пайызы интернетке қосылды. «Әлеуметтік әмиян» жобасы 6 760 мектепке енгізілген. Дипломдар, аттестаттар мен анықтамалар цифрлық форматқа көшірілді. «Ұстаз» платфор-

масы педагогтерді аттестаттау үдерісін толығымен автоматтандыруға жол ашадy. 240 мыңнан астам мұғалім жасанды интеллектіні қолдану бойынша қайта даярлаудан өтті, тағы 200 мың педагог ChatGPT Edu жобасына сай ЖИ-ассистентті пайдалану машығын меңгеруде.

Министр инфрақұрылымды дамыту мақсатында 184 білім беру нысаны іске қосылғанын жеткізді. Үш ауысымды 80 және апатты жағдайдағы 31 мектептің мәселесі шешімін тапты. 209 білім ошағына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 1 192 пәндік кабинет заманауи қондырғылармен жабдықталды. Балабақшаға кезек 2 есеге жуық қысқарды.

Президент білім сапасын арттыру және оны қолжетімді ету, мектептердегі орын тапшылығын азайту, жұмысшы мамандарды даярлау жүйесін дамыту, бюджет қаржысын тиімді жұмсау, саланы цифрлық тұрғыдан трансформациялау, соның ішінде Qazaq Digital Mektebi жобасын іске асыру бойынша бірқатар міндет жүктеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы алдағы үш жылда «Келешек мектептері» жобасының озық тәжірибесін білім беру ұйымдарына енгізу маңызды деп санайды.



## ӨҢІРДЕГІ ӨНІМДІ ІСТЕР БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағановты қабылдады.

Президентке өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен орнықты өсімін қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы баяндалды.

Нұрымбет Сақтағановтың айтуынша, 2025 жылдың қорытындысына сәйкес облыста оң динамика байқалады. Инвестиция, құрылыс, ауыл шаруашылығы және сауда салалары өсім көрсетіп отыр. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 838 миллиард теңгеден асты. Инвестициялық портфельде 101 жоба бар. Құрылыс жұмыстарының көлемі 460 миллиард теңгеге жуықтады. Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім 550 миллиард теңгеден, ал сауда саласында 2 460 миллиард теңгеден асты. 407 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайыз деңгейінде тұрақтап, 29 мың адам еңбекпен қамтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жұмыспен қамтудың өңірлік картасы аясында биыл 17 440 жұмыс орнын ашу (1 тоқсанның қорытындысы бойынша 3 317 жұмыс орны ашылды) қарастырылып отырғаны жөнінде мәлімет берілді. Әлеуметтік салада АӘК алушылар саны азайып келеді.

Ауылдық аумақтарды дамыту және қоныстанушыларды қолдау бағдарламалары, соның ішінде «Шығыс шақырады» өңірлік жобасы жүзеге асырылып жатыр.

Шығыс Қазақстанда инфрақұрылымды жаңғыртуға баса мән беріледі. Былтыр ұзындығы 856 шақырым болатын жолдар мен көшелерде жөндеу жұмыстары аяқталды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы экологиялық ахуалды жақсарту, экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту және өңірдегі туризмді дамыту жұмыстарын жалғастыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

## ЖОЛ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК: АҚЫЛЫ АСФАЛЬТТЫҢ АСТАРЫ

Қазақстанда алғашқы ақылы жол 2013 жылы пайда болды. Жоба «қарлығашы» – «Астана – Щучинск» автобаны еді. Артынша бұл бастама тежеліп, жолға қараған ел көңіліндегі алаң басылды. Алайда Үкімет трассаларды жаппай ақылы етуге 2021 жылы қайта оралды, содан бері ақылы жолдар желісін тоқтаусыз кеңейтіп келеді.

→ 5

## ҒЫЛЫМ ҺӘМ ӨНДІРІС: САЛАНЫҢ ЖАЙЫ ҚАНДАЙ?



Қатерлі ісік жасушаларын анықтайтын арзан әрі дәл құрылғы, insultтан кейінгі науқастарға арналған A.GEAR экзоскелеті, аутизмі бар балаларды оңалтуға арналған роботтық терапия, спортшыларға арналған «ақылды» ұлтарақтар – мұның бәрі нақты нарықтық сұранысы бар жобалар.

→ 12



## САЯСАТ

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

# СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Сенатта Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында агроөнеркәсіптік кешен мен су шаруашылығын цифрлық трансформациялау тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өтті. Іс-шарада осы бағыттағы мәселелер жан-жақты талқыланып, нақты ұсыныстар жасалды. Сондай-ақ депутаттар, сарапшылар және мүдделі тараптар бірлесіп атқаратын алдағы жұмыстың маңызды міндеттері айқындалды.



Парламенттік тыңдауды ашқан Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының агроөнеркәсіптік кешен мен су ресурстарын цифрландыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыру үшін үдерістерді жетілдіруге екенін атап өтті. Оның айтуынша, саладағы ахуал туралы өзекті мәліметтерді, соның ішінде мемлекеттік қолдау жөніндегі ақпаратты біріктіретін, сондай-ақ қалыптасқан жағдайға дер кезінде мониторинг жасауға мүмкіндік беретін бірыңғай жүйе қажет.

«Парламенттік тыңдаудың күн тәртібіне шығарылып отырған агроөнеркәсіптік кешен мен су шаруашылығын цифрландыру мәселесі – еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз ететін маңызды секторлардың

бірі. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы бағыттарды жетілдіруге үнемі баса мән беріп келеді. Қазіргі таңда жекелеген мемлекеттік қызметтерді жай цифрландырудан үдерістер мен ресурстарды толыққанды smart басқаруға көшу нақты міндетке айналып отыр. Бүгінде аталған бағытта белгілі бір құқықтық негіз қалыптасты. Келесі міндет аграрлық және су жүйесінің бірыңғай цифрлық контурын құру болуға тиіс. Бұл – үлкен деректерге, жасанды интеллектіге, жедел аналитикаға және ресурстарды дәл есепке алуға негізделген басқарудың жаңа моделіне көшу деген сөз. Мұндай қадам ағымдағы жағдайды тіркеп қана қоймай, құрғақшылық, су тапшылығы, ресурстарды

тиімсіз пайдалану сияқты сын-қатерлерді алдын ала болжауға мүмкіндік береді», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы бастапқы кезеңде IT-бастамалар жекелеген құрылымдардың қажеттіліктеріне сай жергілікті деңгейде енгізілгенін, ал қазір әртүрлі сервистен бірыңғай жүйеге көшу аса маңызды екенін айтты. Кешенді басқаруды қамтамасыз ету үшін агроөнеркәсіптік кешен мен су ресурстарының IT-жүйелерін біріктіру осы бағыттағы негізгі қадам екені де сөз болды.

«Ауыл шаруашылығы жалпы су көлемінің шамамен 60 пайызын тұтынады. Ал оны тасымалдау барысындағы шығындар 40 пайызға дейін жетеді. Бұл бүгінде су

үнемдеу технологияларын енгізуді кеңейтумен қатар, судың қозғалыс жолының барлық кезеңінде цифрлық есеп пен бақылауды жүйелеу қажет екенін көрсетеді. Келесі маңызды қадам – агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қолдауды объективті цифрлық деректермен ұштастыру. Мемлекеттік қолдау шаралары нақты көрсеткіштерге негізделуге тиіс. Мұндай тәсіл бюджет қаражатын бөлуді барынша ашық етіп, қолдау шараларының нысаналы әрі нәтижелі болуын қамтамасыз етеді», – деп, Мәулен Әшімбаев алдағы уақытта палата мүдделі тараптармен бірлесіп атқаратын бірқатар міндетті белгілеп берді.

Сондай-ақ Парламенттік тыңдауда өңірлермен тығыз әрі белсенді жұмыс жүргізудің маңызды екеніне мән берілді. Қатысушылар жергілікті атқарушы органдар орталық деректер базасының жай ғана пайдаланушысы емес, үдерістің толыққанды қатысушысы болуы керек екеніне назар аударды. Әрбір өңір үшін цифрлық камту деңгейі, автоматтандыру дәрежесі және су шығындарын азайту көлемі бойынша нақты индикаторлар белгілеу қажет екені де айтылды.

Су үнемдеу технологияларын енгізу, шаруаларға сервистердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, кәсіби кадрлар даярлау мәселелері де кенінен талқыланды. Палата Спикері білікті маман даярлау ісінде мемлекет, жоғары оқу орындары, ғылым және бизнес арасындағы байланысты нығайтудың маңызды екенін тілге тиек етті.

Парламенттік тыңдау барысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдері мен сарапшылар баяндама жасап, пікір білдірді. Іс-шарада айтылған ұсыныстар тиісті ұсынымдар әзірлеу кезінде ескеріліп, Үкіметке жолданады.

## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Geoscience & Exploration of Central Asia (GECA 2026) халықаралық геологиялық форумына қатысты.

GECA 2026 форумы халықаралық ұйымдар, дипломатиялық корпус, сондай-ақ ұлттық және шетелдік компаниялар өкілдерін біріктірді.

Геологиялық форумның пленарлық отырысында сөз сөйлеген Премьер-министр Олжас Бектенов сала мамандарын келе жатқан кәсіби мерекесімен құттықтап, ел экономикасы мен өнеркәсібінің тұрақты дамуы үшін геологиялық барлаудың стратегиялық маңызын атап өтті.

«Биыл – шын мәнінде, Қазақстан үшін тарихи жыл. Экономика мен қоғамның барлық саласын одан әрі жаңғырту ісіне тың серпін берген жаңа Конституция қабылданды. Жалпыхалықтық референдумда еліміздің азамат-

тары нағыз отаншылдықтың үлгісін көрсетіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ауқымды бастамаларына жаппай қолдауын білдірді. Қазірден бастап мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға, қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға және адам капиталын дамытуға бағытталған Ата заңның нормаларын жүзеге асыруға біз айрықша көңіл бөліп отырмыз. Аталған өзгерістер экономиканы дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, соның ішінде геологиялық барлау саласы отандық өнеркәсіптің стратегиялық негізіне айналды», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Қазақстанда саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және заманауи технологияларды қолдану аясын кеңейтуге бағытталған геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы жүйелі реформалар жүзеге асырылуда.

Мұндағы маңызды қадам қызметтерге ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін жер қойнауын пайдаланудың Бірыңғай порталын іске қосу болып отыр. Мәселен, «Бірінші келді – бірінші алды» деген әлемдік озық тәжірибенің негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру үдерістері айтарлықтай жеңілдетілді. Бұл соңғы үш жылда геологиялық барлауға шамамен 280 млрд теңге жеке инвестиция тартуға мүмкіндік берді.

Қорлар бойынша есептіліктің халықаралық стандарттары енгізілді. Алдағы уақытта геологиялық зерттеулерге орнықты көзқарас қалыптастыру үшін 1:50 000 масштабтағы геофизикалық карталарды жасақтау қолға алынды.

Қазақстан елеулі минералды-шикізаттық әлеуетке ие және оны инвесторлар пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеу бойынша басым аймақтардың бірі ретінде қарастырады. Елімізде шамамен 10 мың кен орны бар, шикізаттың негізгі түрлері бойынша қордың жалпы көлемі 2,3 мың тоннадан астам алтын,



4,3 млрд тонна мұнай, 3,8 трлн текше метр газ, 33,5 млрд тонна көмір және 26,7 млрд тонна темірді құрайды. Ресурстық базаның едәуір бөлігін сирек жер металдары, оның ішінде 2025 жылы ашылған 800 мың тоннаға жуық церий, неодим, иттрий және басқа да элементтердің қоры бар «Құйрықтықөл» кен орны құрайды.

Форум барысында цифрлық технологиялар мен ЖИ енгізе отырып, геологиялық барлау, жер қойнауын пайдалану саласындағы

халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және тәжірибе алмасуға назар аударылды. Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағсаев, Өзбекстан Республикасы тау-кен өнеркәсібі және геология министрінің орынбасары Рустам Юсупов, Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Геология басқармасының басшысы Илхомджон Оймухаммадзода және тағы да басқалар өзара іс-қимылды кеңейту жөнінде ұсыныстар айтып, пікір білдірді.

Бетті дайындаған М.ТӨЛЕУ

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Бұхарада Қазақстан Парламенті Мәжілісі мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Заң шығару палатасы арасындағы Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің үшінші отырысында сөз сөйледі.

Ерлан Қошанов өзінің кіріспе сөзінде екі мемлекеттің көшбасшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев арасындағы саяси диалогтың жоғары деңгейі екі елдің барлық билік тармағының тиімді ынтымақтастығының кепілі екенін атап өтті.

— Қазақстан Өзбекстанмен арада ғасырлар бойы қалыптасқан достық пен тату көршілік байланыстарды нығайтуға ерекше мән береді. Мемлекет басшыларының саяси ерік-жігерінің арқасында стратегиялық әріптестік пен одақтастықтың үлгі боларлық моделі қалыптасты. Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің жұмысы да Президенттер қол жеткізген келісімдер аясында жүзеге асуда. Былтыр Алматыда өткен отырыста экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективаларын талқылап, қол жеткізілген нәтижелерді одан әрі дамыту жолдары туралы пікір алмастық. Сонымен қатар мәдениет, білім беру және туризм саласындағы өзара іс-әрекеттің маңызы айрықша атап өтілді. Бүгінгі үшінші отырыстың күн тәртібі өте мазмұнды. Біздің делегациялар ынтымақтастықтың барлық бағытын жан-жақты талқылайды, — деді Мәжіліс Спикері.

Палата Төрағасы Өзбекстандық әріптестеріне Конституция жобасы бойынша өткен референдумның қорытындысы туралы мәлімет берді. Оны азаматтардың 87 пайызы қолдады. Ерлан Қошанов жаңа Ата заң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттікке кіріскен алғашқы күннен бастап жүзеге асырылып келе жатқан ауқымды реформалардың нәтижесі екенін, ол күллі Қазақстан қоғамының ұмтылысын айқын көрсететінін атап өтті. Сол үшін де «Халық Конституциясы» деп аталып кетті.



Жаңа Конституцияның басты мақсаты — Әділетті және Прогрессивті Қазақстан құру. Сонымен қатар Ата заңда «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» тұжырымы бекітіліп, адам мен оның мүддесі басты орынға шығып отыр.

Парламенттік реформа мен Вице-президент, Халық кеңесі сияқты жаңа институттар Өзбек депутаттарының ерекше қызығушылығын тудырды. Мәжіліс Төрағасы күшті Президент, ықпалды Парламент және есеп беретін Үкімет теңгерімі конституциялық деңгейде бекігенін айтты. Күрделі жаһандық жағдайларды ескере отырып, Ата заң барлық билік тармағының үздіксіз, жүйелі әрі үйлесімді жұмыс істеуінің факторы ретінде Президент институтын күшейте түсетініне назар аударды.

Мәжіліс Төрағасы екі ел депутаттарының жемісті ынтымақтастығына ерекше тоқталды. Депутаттар қол жеткізілген жоғары деңгейдегі уағдаластықтарды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуге басымдық береді. Соңғы жылдары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы бірқатар маңызды келісімдер ратификацияланды. Олардың қатарында одақтастық қатынастар туралы шарт, азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісім, экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық, сондай-ақ «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы-

ның қызметін реттеу туралы келісімдер бар. Екі ел депутаттары халықаралық парламенттік алаңдарда, әсіресе Парламентаралық Одақ, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы, ТМД Парламентаралық Ассамблеясы және ТүркПА аясында бір-біріне тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Сондай-ақ Орталық Азия әйелдерінің диалогы шеңберіндегі іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп, заң шығару саласында тәжірибе алмасу жолға қойылған.

Өз кезегінде Олий Мәжілістің Заң шығару палатасының Төрағасы Нуриддин Исмоилов та 2025 жыл Қазақстан мен Өзбекстан Парламенттерінің ықпалдастығы үшін жемісті болғанына назар аударды.

— Парламентаралық байланыстардың белсенділігі біздің елдеріміздің арасындағы сенім мен өзара түсіністіктің деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Әрине, осындай оң бағыттағы дамуға біздің құрметті Президенттеріміздің тығыз достық қарым-қатынасы негіз болып отыр. Бұл орайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылдың қараша айындағы Өзбекстанға сапарын ерекше атап өткім келеді. Сапар барысында екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған маңызды келісімдерге қол қойылды, бірлескен ірі жобалар іске қосылды, — деді Олий Мәжіліс Спикері.

Нуриддин Исмоилов қазақстандықтарды референдумның

табысты өтуімен құттықтап, оның нәтижелері бұл процестің, азаматтық белсенділіктің ашықтығын аңғартқанын, реформалар бағдарын тұрғындардың жоғары дәрежеде қолдап отырғанының көрінісі екенін атап өтті. Ол қазақстандық және Өзбекстандық парламентарийлер алдағы уақытта екі елдің стратегиялық даму мақсаттарын жүзеге асыру жолында бірлесіп белсене жұмыс атқаратынына сенім білдірді. Олий Мәжіліс Төрағасының пікірінше, бұл ретте Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің рөлі ерекше. Ол қазірдің өзінде тәжірибе алмасу және бірлескен бастамалардың орындалуын бақылау жөніндегі тиімді әрі уақыт сынынан өткен алаңға айналып отыр.

Отырыс барысында Қазақстан тұрақты түрде Өзбекстанның ең ірі сауда серіктестерінің «үштігіне» енетініне мән берілді. 2025 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 4,8 млрд долларды құрап, 16 пайызға ұлғайған. Бүгінде өзара тауар айналымын 10 млрд долларға жеткізу жөнінде ауқымды меже тұр.

Мәжіліс Спикері жалпы құны 1,8 млрд долларды құрайтын 78 бірлескен жоба жүзеге асырылғанына айрықша назар аударды. Соның бірі — «Термез» халықаралық сауда орталығының аумағындағы «Қазақстан сауда павильоны». Осы орайда Ерлан Қошанов екі ел депутаттарының негізгі міндетінің бірі өнеркәсіп, инфрақұрылым мен

логистика саласындағы бірлескен жобаларға заңнамалық қолдау көрсету екеніне тоқталды.

Қазақстан делегациясының басшысы 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасы туралы да айтты. Сондай-ақ ол биылғы сәуір айында Астанада Орталық Азия елдерінің өңірлік экологиялық саммиті өтетінін еске салып, Өзбек әріптестерін оған белсене қатысуға шақырды.

Ерлан Қошановтың пікірінше, ақпараттық технологиялар «цифрлық көпірге» айналып, Қазақстан мен Өзбекстан байланысын бекемдей түседі. Бұл бағытта Astana Hub пен IT Park Uzbekistan бірлесіп отырып, Central Asian Innovation Hubs бірыңғай бренді аясында өңірде біртұтас технологиялық хаб қалыптастыруда.

Жиында өңірлік туризмді дамыту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Мәжіліс Төрағасы екі ел басшылары туристік инфрақұрылымды жаңғырту және шетелдік туристерді тарту міндетін алға қойғанын еске салды. Туризм саласындағы ынтымақтастықтың 2026-2027 жылдарға арналған бірлескен іс-әрекет жоспарына қол қойған болатын. Аталған құжат ортақ туристік кеңістікті қарқынды дамытуға бағытталған.

Отырыс барысында «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Ғазизов осы келісімнің іске асу барысы туралы баяндады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Орталық Азияға келген туристердің жартысынан астамы Қазақстан мен Өзбекстанның үлесінде. Бұл орайда шетелдіктердің тарапынан трансшекаралық бағыттарға сұраныс жоғары екені байқалады. Осыған байланысты екі ел арасында теміржол мен автобус маршруттары қарқынды дамуда.

Парламентаралық кеңес мүшелері сауда-экономика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастықты дамыту, орнықты даму, «жасыл» экономика мен энергетика бағыттарындағы жайттарды талқылады. Цифрландыру мен ақпараттық технологиялар мәселелеріне, сондай-ақ мәдениет пен білім беру салаларындағы өзара іс-әрекетті нығайтуға ерекше мән берілді.

Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің келесі отырысын Түркістан қаласында өткізу жоспарланып отыр.

Айна ХАСАН



4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

# «ТАЗА БЕЙСЕНБІ»:

## ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЛАРЫ ОРТАҚ МАҚСАТ ТӨҢІРЕГІНДЕ ТОПТАСТЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында елімізде «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өткізілуде. Бұл акция азаматтар арасында экологиялық мәдениетті нығайтуға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталып отыр.

Мәселен Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Бәйдібек би ауылында ұйымдастырылған акцияға аудан әкімі, партия мүшелері, мәслихат депутаттары және ауыл тұрғындары қатысты. Акция барысында елді мекен аумағында қоқыс жиналды. Сонымен қатар ағаш түбін қопсыту, жасыл желек суару жұмысы қолға алынды. Азаматтар демалыс орындарын тазалап, қурап қалған бұтақтарды жинады. Нәтижесінде, 250-ге жуық адам 12 гектар аумақты коқыстан тазартып, шамамен 35 тонна қалдықты арнайы полигонға жөнелтті. Іс-шараға 10 арнайы техника жұмылдырылды.

«AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Серік Нұрқадыровтың айтуынша, экологиялық мәселелерді шешу – партияның сайлауалды бағдарламасында айқындалған маңызды басымдықтардың бірі.

«Жыл басынан бері партиялық жоба аясында 5 мыңнан астам тұрғын экоакцияға қатысып, 250 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық жиналды. Сонымен қатар 3 мыңнан астам ағаш көшеті отырғызылды. Бұдан бөлек, сайлауалды бағдарлама аясында өңірдегі рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін толық жою жоспарланып отыр. Сондай-ақ барлық ауданда коқысты сұрыптауға және құрамында сынабы бар қалдықтарды жинауға арналған кемінде 1000 контейнер орнатылады», – деді ол.

Ал Абай облысы Семей қаласындағы Бейбітшілік аралында тазалық жұмысы жүргізіліп, акцияға барлығы 60 адам қатысты. Олардың қатарында партия мүшелері, мәслихат депутаттары және белсенді азаматтар бар. Іс-шара барысында Бейбітшілік аралында 2 тоннаға жуық қоқыс

жиналып, арнайы орындарға шығарылды.

«Таза бейсенбі» акциясы тұрғындардың жауапкершілігі мен ауызбіршілігін көрсетуде. Оған партия мүшелері мен депутаттар белсенді атсалысып, қала тұрғындарын табиғатты қорғауға шақырды. Мұндай бірлескен жұмыс туған жерімізді таза ұстауға жол ашады», – деді Абай облыстық мәслихатының депутаты Саят Танатаров.

Шымкент қаласы Қаратау ауданы Нұртас шағын ауданында 80 түп ағаш егілді. Іс-шараны «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы ұйымдастырды. Оған Жалпы саны 50-ден астам азамат қатысты. Олардың қатарында партияның қалалық және аудандық филиалдарының қызметкерлері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, сондай-ақ коммуналдық қызмет саласының жұмысшылары бар. Сондай-ақ тазалық жұмысын жүргізуге арнайы техникалар да тартылды.

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында ұйымдастырылған игі бастамаға ауыл тұрғындары мен партия мүшелері белсенді қатысып, ортақ іске атсалысты. Акция барысында көшелер мен қоғамдық орындар тазаланып, абаттандыру жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде шамамен 4 тонна қоқыс шығарылды.

Түркістан облысы Сауран ауданы Бабайқорған ауылдық округіне қарасты Абай елді мекеніндегі Көк тас әулие бұлағынан бастау алатын су арнасына жиегінде экологиялық акция өткізілді. Оған партияның аудандық филиалының қызметкерлері, бастауыш партия ұйымдарының мүшелері, еріктілер мен жергілікті тұрғындар қатысты. Олар су арнасы бойында ауқымды тазалық жұмы-



сын жүргізді. Нәтижесінде, аумақ коқыстан тазартылып, су арнасының айналасы ретке келтірілді.

«Көк тас әулие бұлағы – халықтың рухани дүниесімен, сенімімен, тарихымен тығыз байланысты киелі мекен. Мұндай орындардың тазалығын сақтау – баршамызға ортақ міндет. «Таза бейсенбі» акциясы арқылы біз тек қоршаған ортаны тазалап қана қоймай, қоғамда экологиялық мәдениет қалыптастыруды көз-

дейміз», – деді «AMANAT» партиясы Сауран аудандық филиалының консультанты Рамзиддин Ремет.

Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жаңатас қаласында Бейбітшілік көшесі тазаланды. «AMANAT» партиясы Сарысу аудандық филиалы ұйымдастырған акцияға «С.Мұқанов» бастауыш партия ұйымының мүшелері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері қатысты. Олар бір шақырымға жуық аумақты коқыстан тазартып, қоршаған ортаны ретке келтірді. Сонымен қатар іс-шара барысында аула маңы құл-коқыстан тазартылып, ағаштар әктелді.

«Тазалық – игі істің бастауы, табиғатқа деген жанашырлықтың жарқын үлгісі. Бүгінгі іс-шараның мақсаты – табиғатты аялау, жастарды қоғамдық жұмыстарға тарту және туған жердің көркеюіне үлес қосу», – деді «Жастар Рухы» жастар қанатының белсендісі Назира Шалғынбаева.

Ақтөбе облысында экологиялық акцияға «Қазхром», «Қандыағаш», «Мұғалжар аудандық аурухана», «Комуналшы» және «Самал» бастауыш партия ұйым-

дары жұмылды. Олар кәсіпорын аумақтары мен көшелерді тұрмыстық қалдықтардан тазартып, шамамен 5 тонна қоқыс шығарды.

«Хром кені мен феррокорытпа өндіретін ірі кәсіпорындардың бірі, «Қазхром» ТҰК Ақтөбе феррокорытпа зауыты жанындағы бастауыш партия ұйымы мүшелері экологиялық акцияға белсенді қатысты. Осы жолы шамамен 30 адам атсалысты. Біз көлік тұрақтарын, зауыт басқармасы маңындағы аумақты және өндірістік нысандарға жақын орындарды тазаладық. Осындай акциялар азаматтардың бойында экологиялық мәдениет қалыптастырады», – деді «Қазхром» бастауыш партия ұйымның төрағасы Ержан Абдулабеков.

Жетісу облысы Алакөл ауданына қарасты Екпінді және Көлбай ауылдық округтерінде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштердің айналасы абаттандырылып, ауыл саябақтары мен демалыс орындары коқыстан тазартылды. Нәтижесінде, 3,5 шақырым жол жиегі тазаланып, жиналған 3 тонна тұрмыстық қалдық арнайы полигонға шығарылды. Акцияға «AMANAT» партиясының мүшелері, жергілікті тұрғындар, белсенді жастар мен еріктілер қатысты.

«Біздің мақсатымыз – экологиялық жауапкершілікті әр азаматтың күнделікті әдетіне айналдыру. «Таза бейсенбі» – қоғамды ортақ игілікке жұмылдыратын аса маңызды акция. Осындай жүйелі іс-шаралар арқылы біз елді мекендеріміздің санитарлық ахуалын жақсартып қана қоймай, қоршаған ортаға деген жаңа көзқарас қалыптастырамыз», – деді AMANAT партиясы Алакөл аудандық филиалының төрағасы Қайрат Көкебаев.

Тілек ҚАБЫЛ



## МӘСЕЛЕ

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Ақылы жолдар тарихында берілген уәде мен алданған үміттің, күткен табыс пен келген шығынның, қоғам сыны мен шенеуніктер қисынының өзара қайшылығы қатар өріліп жатыр. Темір тұлпар иелерінің қара жолға төлеген ақысы – тек асфальттың құны ма, әлде мемлекет пен қоғам арасындағы сенімнің де өлшемі ме деген сауал көкейге қонып, көңілді мазалайды. Ақылы жолдардан пайда болмай тұрғанын парламентшілер де айтып жүр. Ақырында қоғамдық қысым мен депутаттық сын шенеуніктерді белгілі бір жеңілдіктерге баруға мәжбүр етті.

Бүгінде 14 учаскеде жалпы көлемі 1 миллион 100 мың шаршы метр ақау тіркелген. Жөндеу жұмыстары жол-құрылыс маусымы басталғанда қолға алынбақ. Апат тудыратын жол үшін ақы алу әділет пен адамгершілікке жат болса керек.

Бұдан өзге, жеке тұлғалардың машиналары ағынынан компанияларға тиесілі көліктер ажыратылады: заңды тұлғалар үшін бө-

«Бурылбайтал – Күрті» (226,4 шақырым), «Ақтөбе – Қандыағаш – Мақат» (89 шақырым), «Талдықорған – Өскемен» (773 шақырым), «Атырау – Астрахан» (277 шақырым), «Меркі – Шу – Бурылбайтал» (78 шақырым).

– Бүгінде Қазақстанда жалпы ұзындығы 4 мың 900 шақырым болатын 26 ақылы жол учаскесі бар. 2025 жылы ақылы жолдармен

арқылы онсыз да жол ақысын бюджетке аударады емес пе? Бірақ №1 вице-премьер аталған тәжірибенің сақталатынын мензеді.

– Біз аумақ бойынша әлемде тоғызыншы орынды иемденеміз. Өкінішке қарай, халқымыз өте аз. Ал автомобиль жолдарының жалпы желісі 95 мың шақырым, оның шамамен 25 мыңы – республикалық желі. Мұндай ақымды автожолдар желісін тек бюджеттен күтіп-ұстау өте қиын. Біз магистралдарда ақылы жүйені белсенді енгізіп жатырмыз, алайда бұл қаражат тек жолдарды қысқы және жазғы күтіп-ұстауға және ағымдағы жөндеуге ғана жетеді. Бұл тек ақылы учаскелерде жүргізетін шұңқырлы жөндеу жұмыстары, – деді Р.Скляр.

Оның мәлімдеуінше, Үкімет бірнеше жылдан соң ақылы жолдарды өзін-өзі ақтау деңгейіне шығарады. Соған қарағанда ол трассаларда жиналатын ақы да өсетінге ұқсайды. Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынатын қарыздың өтемі ондаған жылдарға созылады, ал бүгін салынған жол ертен қайта жөндеуді қажет етеді. Бірінші вице-премьердің дерегіне, 2009 жылы пайдалануға берілген «Астана – Бұрабай» автобанында енді жоспар бойынша күрделі жөндеу жүргізілуге тиіс.

Роман Скляр күрделі жөндеудің не екенін түсіндірді: ескі жол жамылғысы (80 см) толық бұзып тасталып, жана қабаттары қайта төселеді, яғни іс жүзінде сол геометриялық параметрде жана жол салынады. Жол сәл ғана кенейтілсе, бұл «қайта жаңғырту» саналады. Тағы бір мысал: 2012 жылы төселген «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізін де осы тағдыр күтіп тұр. Оған кезінде Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкінен қарыз алынған. Енді оны қайта жөндеу үшін тағы несие тарту талап етілуі мүмкін екені ескертілді.

Скляр өзге де автожол учаскелері, мысалы «Астана – Павлодар» бағыты 10 жылдан аса пайдаланып келе жатқанын еске салды. «Астана – Теміртау» немесе 1999 жылдан бастап салынған «Атырау – Бейнеу» жолына да едәуір уақыт өтті: күрделі жөндеу не қайта жаңғырту қажет. Олай болса, трассаларға қаржы триллиондап тапталды. Бұл инфрақұрылымның үздіксіз шығын талап ететін сала екенін көрсетеді.

– Көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 2025 жылғы жол-құрылыс маусымында жалпы 8 мың 800 шақырым автожол барлық жұмыс түрімен қамтылған еді. Биыл тағы 8 мың 900 шақырым автожолда жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Соның ішінде 3 мың 400 шақырымы – құрылыс және қайта жанарту жобалары, 324 шақырымы – күрделі жөндеу, 5 мың 200 шақырымы – орташа жөндеу. Сондай-ақ апаттық қауіпті жағдайда тұрған 53 көпірдің жөндеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлінбек. Биылғы жол-құрылыс маусымында шамамен 12 мың бірлік арнайы техника, 25 мың жол маманы және 193 асфальтбетон және бетон зауыты жұмылдырылады», – деді «ҚазАвтоЖол» басшысы Д.Иманашев.

Жол – елдің бет-бейнесі, экономика күретамыры десек, тек оның сапасы ғана емес, шығынның қисындылығы мен білікті басқарылуы да маңызды. Бүгінгінің талабы тасқалдың тегістігін ғана емес, халық қалтасына түсер салмақтың өділдігін қажет етеді.

Елдос СЕНБАЙ

## ЖОЛ мен ЖАУАПКЕРШІЛІК:

КАРЖЫ ШЫҒЫНЫ  
АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазақстанда алғашқы ақылы жол 2013 жылы пайда болды. Жоба «қарлығашы» – «Астана – Шучинск» автобаны еді. Артынша бұл бастама тежеліп, жолға қараған ел көңіліндегі алаң басылды. Алайда Үкімет трассаларды жаппай ақылы етуге 2021 жылы қайта оралды, содан бері ақылы жолдар желісін тоқтаусыз кеңейтіп келеді. Десек те, жол жөндеуге қаржы шығыны да артып келеді.

Өткенге шола қарасак, 2020 жылы Қазақстандағы 9 жол учаскесінде төлем алу жүйелерін орнату-монтаждау жұмыстары басталды және жыл соңында ақылы жолдар сынақ режимінде іске қосылды. Бұл учаскелер: «Шымкент – Ташкент», «Қапшағай – Талдықорған», «Нұр-Сұлтан – Павлодар», «Павлодар – Омбы», «Атырау – Ақтау», «Бейнеу – Ақжігіт», «Ақтөбе – Орал», «Орал – Тасқала» және «Орал – Самара» еді.

Қоғамда туындаған наразылыққа үн қатқан Үкімет мұны ел игілігі ретінде ұғындырды. Өйткені осының арқасында бюджеттің тапшылығы азаятыны, қазынадан халықаралық және республикалық трассаларды жөндеуге кететін ұлан-ғайыр шығын тыйылып, ол қаржы халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге жұмсалатыны уәде етілді.

«Ақылы жолдардан алынған қаражат жол учаскелерін ағымдағы жөндеуге, күтіп-ұстауға, ақы жинау жүйесіне қызмет көрсетуге және инвесторға төлем жасауға бағытталады. Басқаша айтқанда, ақылы жолдар өзін-өзі ақтайтын деңгейге шығып, ел бюджетінің қаржыландыруын қажет етпейді», – деген еді сол кездегі салаға жауапты орган, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.

Бірақ уақыт өте келе бұл сөздің шынайылығы күмән тудырды. Өйткені кейінгі деректер мен салдар керісінше көріністі аңғартты. Жарияланған қағида мен нақты ахуалдың арасы алшақ. Бюджет тапшылығы бірнеше есе өсті. Көлік министрлігінің мәлімдеуінше, халықаралық дәліздерді және республикалық көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 2026 жылы 8,9 мың шақырым автожолда жөндеу жүргізіліп, триллиондаған теңге шығындалмақ.

Мәселен, Көлік министрі Нұрлан Сауранбаевтың дерегіне, жалпы ұзындығы 3,25 мың шақырымды, ал қаржыландыру көлемі 4,6 трлн теңгені құрайтын жаңа жобаларды жүзеге асыру жоспарланды. Олар транзиттік әлеуетті арттырып, экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуге тиіс. Бұл сандар бір қарағанда, даму қарқынын білдіргенімен, екінші жағынан жүйенің өзін-өзі толық ақтай алмағанын көрсетеді. Яғни, ақылы жолдар бар, бірақ олар бюджетке тәуелділікті толық жойған жоқ.

АҚЫЛЫ  
АСФАЛЬТТЫҢ  
АСТАРЫМЕРЗІМ ҰЗАРТЫЛДЫ,  
МАЗМҮН ӨЗГЕРМЕДІ

Халық алдындағы айыбын шенеуніктер қоғамның қатаң сынынан кейін ақылы жолдарда төлем жасау ережелерін жұмсартуға мәжбүр болды. Көлік министрлігі ақылы жолдармен жүру ақысын төлеу тәртібіне өзгерістер енгізетін бұйрыққа қол қойды. Не өзгерді? Бұған дейінгі нормаға сәйкес, жүргізуші жол ақысын 7 күн ішінде төлемесе, 8-ші күні ақылы жол операторы – «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес айыппұл салу үшін «айыптыға» қатысты материалды көліктік бақылау органына жіберетін. Жана тәртіпте жеке тұлға жол жүрген күнінен 30 күн ішінде төлем жасамаса, материалдар 31-ші күні жолданады.

Яғни, айыппұлды азайту не амнистия жасап, бұқараны одан босату туралы сөз жоқ. Тек қалтасы жұқарған қазақстандықтардың үстінен іс қозғалатын күнді әрі ысырыпты. Бір қарағанда, бұл да – жеңілдік. Бірақ мәніне үңілсек, өзгеріс тек мерзімге қатысты. Айыппұл жойылған жоқ, тек кейінге шегерілді. Яғни, мәселе шешілген жоқ. Бұл – әкімшілік тәсілдің ішкі мазмұннан гөрі сыртқы формаға көбірек мән бергенін көрсетеді.

Тек шағын бір игілік: «ҚазАвтоЖол» хабарлауынша, ақылы жолдарда ақаулар анықталған жағдайда ғана жол жүру ақысын уақытша тоқтату нормасы енгізілді.

лек тәртіп енгізіліп отыр. Занды тұлға есепті айдан кейінгі айдың 20-сына дейін төлем жасамаса, материалдар келесі күні көліктік бақылау органдарына жіберіледі. Аталған өзгерістер республикалық маңызы бар ақылы жол учаскелерімен жүргені үшін төлем жасауға жүргізушілерге қосымша уақыт береді. Қол қойылған бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң, сәуір айында күшіне енді.

Көлігімен қара жолмен өткізілетін бұқара мен бизнестің қалтасынан суырылатын судырлаған ақша ағыны күрт ұлғайыпты. Осыдан ауқат жиятын (ақылы жолдардан түскен қаражат бюджетке бағытталмайды) ұлттық компания 2025 жылдың қорытындысында Қазақстанда ақылы автожолдардан түсетін түсімдер 2 есеге жуық артқанын жариялады. Көлік иелерінің қалтасынан жүз миллиарда жуық қаражатты сыпырып алыпты. Биылғы жыл қорытындысында тағы еселенеді деп болжанған.

Себебі «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Дархан Иманашев 2026 жылы республикада ақылы автожолдар саны бірден 6 трассаға көбейтетінін мәлімдеді. Олардың жалпы ұзындығы 2 мың шақырымнан асады. Ақы әрбір шақырым үшін алынатынын ескерсек, «қара жолдың қожайыны» байлыққа бек бататын түрі бар.

Сонымен, 2026 жылы ақылы атанатын жана автожол учаскелері келесідей: «Қарағанды – Балқаш – Бурылбайтал» (554,6 шақырым),

жүргендерден 87 миллиард теңге жиналды. 2024 жылы 48 млрд теңге жиналған еді. Бұл қаражат ақылы учаскелерді күтіп-ұстауға бағытталды», – деді Дархан Иманашев. Оның айтуынша, ақылы учаскелерден түскен кіріс 1 мың 456 бірлік арнайы техника мен жабдық сатып алуға, 354 мың шаршы метр жол жамылғысын ағымдағы жөндеумен қамтуға, сондай-ақ 340 мың текше метр көктайғаққа қарсы материал себуге мүмкіндік беріпті.

Ақылы жолдар мәселесі тек халық пен кәсіпкерлердің қалтасын қағумен шектелмейді. Оларды салу және жөндеу үшін мемлекет шетелден мол қарыз алып жатыр. Бұл Сенат депутаттарының көңіл толмастығын туғызды. Олардың сұрағына жауап берген Премьер-министр Олжас Бектенов қарыз алу негізінде коммерциялық тұрғыдан тартымды әрі өзін-өзі ақтайтын жобаларға тартылатынына сендіріп бақты. Олар сондай-ақ жол құрылысына тартылған бұрынғы қарыздарға қызмет көрсетеді.

– Мысал ретінде қазірдің өзінде үлкен пайда әкеліп отырған автожол жобаларын айтуға болады. 2024 жылы бюджетке ақылы жолдардан 48 млрд теңге түскен болса, оның 10 млрд теңгесін Қазақстан арқылы транзитпен өтетін шетелдік көліктер төлеген. Ал 2025 жылы ақылы жолдардан алынған 17 млрд теңгеден астам кіріс – шетелдік автокөліктерден түсті, – дей келе, Олжас Бектенов Үкімет бұл бағыттағы жұмысты жалғастыратынын атап өтті.

Ол ақылы жолдарға қатысты сын айтатын сарапшылар қарыз есебінен салынған нысандардың жалпы экономикалық әсер беретінін ескергені маңызды екеніне тоқталды: «Жоғары сыныпты магистраль салынған жерде экономикалық белсенділік жанданады. Неге екені белгісіз, сынаушылар жол бойында 50 жанармай құю бекеті, 100 дәмхана салынатынын ескермейді. Бұл – жұмыспен қамту, төленген салық, экономикалық өсім. Мұндай инфрақұрылым жобаларына инвестиция салынбаса, даму да болмайды. Қарыз қаражатты қандай жобаларға жұмсау керігін мұқият қараймыз», – деген еді Премьер-министр.

ҮКІМЕТ ҰӘЖІ:  
АУМАҚ КЕҢ,  
МҮМКІНДІК ТАР

Журналистер де бұған дейін бірінші орынбасары Роман Склярға сұрақ қойып, дамыған емес, дамушы елдерде жолда жүру негізінен тегін екенін алға тартты және жұртшылық арыз-шағымдарында, петицияда ақылы жолдардан бас тартуды ұсынып жүргенін еске салды. Мұның сыртында Қазақстанда жүргізушілер бензин мен дизель сатып алғанда акцизін қоса өтеу және көлік салығын төлеу

## НАРЫҚ

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

# «ҚАРА АЛТЫНДЫ» КӨЛЕГЕЙЛЕГЕН КВАЗИСЕКТОР

Қазақстан – мұнайға бай ел, бірақ сол мұнайды қазып алып, сыртқа шикізат күйінде сата беру – бүгінгінің жолы емес екені айқындала бастады. Кейінгі жылдары осы түсінік өзгеріп жатыр. Мұнайды тек сатып қана қоймай, одан өнім шығарып, өзімізде өңдеу – енді басты бағытқа айналып келеді. Осы мақсатта салаға арнайы заң да әзірленіп жатыр.

**А** **Кәмила ДҮЙСЕН**

Астанада өткен Kazneftgaz-service-2026 жиынында айтылған бір жаңалық осы өзгерістер жайында болды. Соның бірі – елімізде дайындалып жатқан мұнай-газ химиясына арналған алғашқы заң. Бұл жай ғана құжат емес. Бұл – саладағы реформаның құқықтық бағытта күш алғанын білдіретін сигнал. Сала сарапшысы Олжас Байділдиновтың айтуынша, мұнай-газ химиясы саласындағы негізгі мәселе – шикізат және оған қолжетімділік.

– Қазір ірі жобаның басым бөлігі ұлттық компаниялардың қолында, яғни «ҚазМұнайГаз» немесе QazaqGaz арқылы жүзеге асып жатыр. Өкінішке қарай, жеке сектор мен жеке капитал үшін бұл жобаларға қатысу өте қиын. Ал, шын мәнінде, жеке компаниялар мұндай жобаларды жылдамырақ, арзан әрі мемлекеттік қаржыға тәуекелсіз іске асыра алады. Жаңа заң жобасына келсек, ол шикізат мәселесін, нақтырақ айтқанда, оның қалай бөлінетінін реттейді, – дейді маман.

Оның сөзінше, негізі, заңда нақты механизм қарастырылуға тиіс: мысалы, газ өңдеу зауытын QazaqGaz салса, онда мұнай-газ химиясына бағытталатын белгілі бір көлемдегі шикізат болуы керек. Сол көлем бойынша ашық тендер жарияланып, «осындай шарттармен шикізат жеткізуге дайынбыз, кім қандай баға ұсынады?» деген принциппен ұсыныстар қабылдануға тиіс.

– Әрине, ең жоғары баға ұсынып, тиісті банктік кепілдіктерді қамтамасыз еткен компания сол шикізатқа қол жеткізуі керек. Ал қазіргі жағдайда біз ірі жобаның барлығы дерлік ұлттық компаниялардың қатысуымен ғана жүзеге асып жатқанын көріп отырмыз. Мен ұлттық компанияны бірнеше рет сынға алғанмын. Өйткені олардың жобалары, әдетте ұзаққа созылады, қымбатқа түседі және тиімділігі төмен. Өкінішке қарай, бұл үрдіс әлі де сақталып отыр. Мысалы, Атыраудағы полипропилен өндіретін КРІ жобасын алайық. Қазір ол шамамен өз қуатының жартысымен ғана жұмыс істеп тұр. Іске қосылғанына біраз уақыт өтсе де, толық қуатқа шыға алмай келеді. Ал бұл жобаға 2,6 миллиард доллар жұмсалған – өте үлкен қаржы. Жалпы,

осыған ұқсас жағдай басқа жобаларда да байқалады, – деп сөзін жалғады Олжас мырза.

## ЗАҢ ІШКІ НАРЫҚТЫ РЕТТЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН

Сарапшының пайымдауынша, негізі, мұндай жобаларды жеке бизнес жүзеге асыруы керек. Баға бойынша да, шарттар бойынша да бәсеке болуы қажет. Өкінішке қарай, ондай бәсеке жоқ.

– Мұнай-газ химиясы туралы заңға келсек, ол көбіне ішкі нарықты реттеуге бағытталған. Яғни, өндірілген өнімнің қандай көлемі және қандай шарттармен ішкі нарықта қалуы керек деген мәселені қамтиды. Мысалы, КРІ шығаратын полипропиленді тұтынушылар баға саясатына, өнім түрлерінің шектеулі болуына жиі шағымданады. Ал «ҚазМұнайГаз» бұл жобада стратегиялық серіктестер бар екенін, өнімді өткізу мен маркетинг солардың құзырында екенін айтады. Сондықтан мұнда да сұрақ көп, – деді маман.

Ең бір өкініштісі, сарапшының айтуынша, біз мұнай-газ химиясы саласында уақытты өткізіп алғанымыз.



**Бұрын «мұнай бар – сатамыз» деген түсінік болды. Енді «мұнай бар – одан өнім жасаймыз» деген көзқарас қалыптасып келеді.**

– Осы аралықта Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан сияқты елдерде ірі өндіріс пайда болды. Қытайда, әсіресе бізбен шекаралас өңірлерде, 2000-жылдардан бері шамамен 20 зауыт салынды және бұл ел өндірісті әлі де ұлғайтып жатыр. Олар болашақта Қазақстанда іске қосылуы жоспарланған полиэтилен зауытына да бәсекелес бола алады, – деген пайымын ортаға салды сарапшы.

Оның сөзінше, тағы бір маңызды мәселе – әлем біртіндеп пластиктен бас тартып, экологиялық баламаларға көшіп жатыр. Ал біз дәл қазір ғана мұнай-газ химиясы жобаларын қолға алып отырмыз. Бұл да белгілі бір тәуекел.

– Дегенмен бұл жобалар қажет. Заң жобасы жалпы алғанда, саланың дамуына негіз қалыптастырады. Бірақ шикізатқа қолжетімділік, оны бөлу тетігі, талдау мәселелері сияқты маңызды сұрақтарға әзірге толық жауап бермейді. Бұдан бөлек, заңда тауар



биржаларына қатысты нормалар да қарастырылмаған. Біз жұмыс тобы аясында зауыттар өз өнімдерін Қазақстандағы биржалар арқылы сатуы керек деген ұсыныс айтқанбыз. Сол арқылы мәмілелер ұлттық заңнама негізінде отандық немесе шетелдік компаниялармен жасалуға тиіс еді. Алайда бұл механизм де енгізілмеген. Сондықтан бұл заң – негіз боларлық, яғни қажет құжат. Өйткені кез келген инвестор, ең алдымен, саланы қандай заң реттейтінін қарайды. Бірақ қазіргі нұсқасында ол барлық мәселені толық шешеді деп айту қиын, – деп сөзін түйіндеді ол.

## ҮЛКЕН ЖОБАҒА ҮЛКЕН ҚАРАЖАТ ҚАЖЕТ

Қызығы, заң әлі қабылданбағанымен, саланың өзі қазірдің өзінде едәуір жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп үлгергенін көруге болады. Мәселен, соңғы екі жылда өндіріс 73 пайызға өсіп, 358 мың тоннадан 619 мың тоннаға жеткен. Қағаздағы цифр сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ оның артында жұмыс істеп тұрған зауыттар, іске қосылған желілер тұр. 2026 жылы өндірісті 600 мың тонна шамасында ұстап тұру жоспары бар. Бұл енді «өсіп жатырмыз» деген кезеңнен «тұрақтанып келеміз» деген кезеңге өткенді білдіреді.

2029 жылға қарай тағы бірнеше ірі жоба жоспарланып отыр. Ақтөбеде карбамид зауыты салынады. Бұл – тыңайтқыш. Яғни, ауыл шаруашылығына тікелей әсер ететін өнім. Ал Атырауда бутадиең өндірісі қолға алынбақ. Бұл – шиналар мен резеңке бұ-

йымдарға қажет маңызды шикізат. Бұрын біз мұнайды саттық, кейін бензин шығардық. Енді одан да терең өңдеуге көшіп жатырмыз. Әр деңгей сайын өнімнің құны өседі. Яғни, сол бір баррель мұнайдан бұрынғыдан әлдеқайда көп табыс табуға мүмкіндік бар.

Осындай үлкен жобалар, әрине, үлкен ақшаны талап етеді. Жалпы есеппен 12 миллиард доллар инвестиция тарту жоспарланып отыр. Бұл – жай ғана сан емес. Бұл – Қазақстанға деген сенім.

Инвесторлар ақшасын оңай сала салмайды. Олар ұзақ ойланады. Егер тұрақтылық болмаса, заң түсініксіз болса – ешкім келмейді. Сондықтан жаңа заңның дайындалып жатқаны өте маңызды. Бұл заң, ең алдымен, әділ ойын ережесін қалыптастыруы керек. Мысалы, зауыт салған кәсіпорын шикізатқа оңай қол жеткізе ала ма? Бағасы қандай болады? Инфрақұрылым бар ма? Осындай сұрақтардың бәріне нақты жауап болуға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – Атыраудағы арнайы экономикалық аймақ. Бұл жерде кәсіпорындарға салық жеңілдіктері беріледі. Яғни, бизнеске қолайлы жағдай жасалып жатыр. Оның үстіне аймақ Теңіз кен орнына жақын. Шикізат та, логистика да ыңғайлы. Жалпы, мұнай-газ химиясы – Қазақстан үшін жай ғана жаңа өндіріс емес. Бұл – ойлау жүйесінің өзгеруі. Бұрын «мұнай бар – сатамыз» деген түсінік болды. Енді «мұнай бар – одан өнім жасаймыз» деген көзқарас қалыптасып келеді.

Әрине, бәрі бір күнде өзгеріп кетпейді. Үлкен зауыттар – үлкен тәуекел. Кейде кешігеді, кейде қымбаттайды. Кадр жетіспеуі мүмкін. Технология жағынан сыртқа тәуелділік бар. Мұның бәрі – шынайы қиындықтар. Бірақ соған қарамастан бағыт дұрыс сияқты. Өйткені әлемде шикізатқа ғана сүйеніп отырған елдер

ұзаққа бармайды. Ал өңдеу, өндіріс, технология – тұрақты дамудың негізі.

## «САБАҚТЫ ИНЕ СӘТІМЕН»

Ең қызығы, бұл өзгерісті қарапайым адам бірден байқамауы мүмкін. Бірақ уақыт өте келе оның әсері сезіледі. Жаңа жұмыс орындары, жаңа кәсіпорындар, жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан мұнайын бұрынғыдай тек сатып қана қоймай, одан табыс табудың жаңа жолдарын іздеп жатыр. Ал мұнай-газ химиясы – сол жолдың ең маңыздысы.

Әлемдік нарықтағы жағдай да Қазақстанның бұл бағытты неге жеделдетіп жатқанын түсіндіре түседі. Кейінгі күндері халықаралық сарапшылар мұнай бағасының күрт өсуі мүмкін екенін айттып дабыл қағуда. Мәселен, JP Morgan сарапшылары Ормуз бұғазы арқылы жеткізілімдер ұзақ уақытқа бұзылса, мұнай бағасы 120-130 доллардан асып, тіпті 150 долларға дейін жетуі мүмкін екенін ескертті. Бұл – тек бағаның өсуі емес, тұтас экономикаларға әсер ететін тәуекел.

Мұндай жағдайда мұнай экспорттаушы елдер қысқа мерзімде ұтады. Баға өссе, бюджетке түсетін табыс көбейеді. Бірақ бұл – уақытша мүмкіндік. Себебі бағаның ұзақ уақыт жоғары болуы әлемдік экономикаға қысым жасап, сұраныстың төмендеуіне, тіпті рецессия қаупіне әкелуі мүмкін. Сондықтан бүгінгі жоғары бағаға сеніп отыру тұрақты стратегия емес.

Осы тұста Қазақстанның мұнай-газ химиясына бет бұруы кездейсоқ шешім емес екені анық көрінеді. Шикізатты қымбат кезде сатып пайда табу – бір жол. Ал сол шикізаттан өнім шығарып, оны тұрақты түрде экспорттау – әлдеқайда сенімді бағыт. Яғни, әлемдік нарықтағы құбылмалы бағаға тәуелді болмай, өз өндірісін арқылы табыс табу.

## ҚҰҚЫҚ

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Заманауи әлемде зияткерлік меншік саласының дамуы білімге, инновацияларға және креативті индустрияларға тікелей әсер ететін факторлардың біріне айналды. Бүгінге жаңа үлгідегі экономиканы қалыптастыруға да зияткерлік меншіктің қосатын үлесі зор. Өйткені авторлар мен құқық иеленушілердің құқығын тиімді қорғау мәдениеттің, медиаиндустрияның және кәсіпкерліктің дамуына тікелей әсер етеді. Ал елімізде зияткерлік меншікті қорғау күн өткен сайын өзекті бола түсуде. Тиісті нормативтік іргетас қалыптасты, зияткерлік меншікті қорғау жүйесі тиянақты жұмыс істеп тұр.

Әдетте музыка, фильмдер, кітаптар, телебағдарламалар және өзге де контент күн сайын радиода, теледидарда, кафе-лерде, сауда орталықтарында және интернет желісінде қолданылады. Бұған көзіміз үйреніп кеткен. Алайда кез келген туындының авторы болады. Өнімдер авторлардың зияткерлік еңбегінің нәтижесінде дүниеге келеді. Ал мемлекет автор еңбегін, зияткерлік меншікті қорғауды құқықтық тұрғыда кепілдендірілген. Дегенмен зияткерлік меншікті қорғаудың да түрлі қыры бар.

Айталық, бұл салада «құқықтарды ұжымдық басқару жүйесі» дейтін ұғым бар. Бұл жүйе автордың туындыларын пайдалануды жеке бақылауы мүмкін емес жағдайларда қалыптасты. XIX ғасырдың өзінде Еуропада туындыларды пайдаланғаны үшін сыйақы жинау және бөлу жұмыстарын жүзеге асырған алғашқы ұйымдар пайда болды. Технологиялар дамыған сайын бұл жүйе кеңінен таралып, оның ішінде Қазақстанда да қолданыла бастады. Қазір ол авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды буыны болып есептеледі.

Бұл жүйеде құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар (ҚҰБҰ) ерекше рөл атқарады. Әдетте қоғамдық бірлестіктер, жеке мекемелер және заңды тұлғалардың бірлестіктері сипатында құрылатын бұл құрылымдар коммерциялық емес ұйымдар қатарына кіреді. Олардың негізгі міндеті – авторлық құқық және сабақтас құқық объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу. Мұндай ұйымдар авторлар, құқық иеленушілер және пайдаланушылар арасындағы делдал ретінде әрекет етіп, барлық қатысушы мүдделерінің теңдігін сақтауға қызмет етеді. Бүгінде Қазақстанда мұндай 13 ұйым тіркелсе, олардың алтауы аккредитация алған.



## ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ – КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, жүйенің тиімді жұмыс істеуіне мұндай ұйымдардың саны тым қатты әсер ете қоймайтыны байқалады. Кейбір мемлекеттерде мұндай ұйымдардың саны мол болса, енді біреуінде санаулы ғана кездеседі. Тіпті, халқы көп кейбір елдерде осындай ұйымдардың саны айтарлықтай аз. Демек, мұндай ұйымдардың көп болуы зияткерлік меншікті қорғау мәселесінде шешуші рөл атқармайды деген сөз. Керісінше, ұйымдарға авторлар мен құқық иеленушілердің сенуі, ұйым жұмысының ашықтығы мен сыйақы бөлудің тиімді тетіктері алдыңғы қатарға шығады.

Елімізде зияткерлік меншікті қорғау саласында нақты институционалды база қалыптасқанымен, әлі де бірқатар мәселе бар. Бұл мәселелер құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар жұмысына байланысты туындап жатады. Айталық, ұйым жұмысының жеткілікті деңгейде ашық болмауы, пайдаланушылар үшін рәсімдердің күрделі болуы, сондай-ақ авторлардың туындысын пайдаланылуы, жиналған, бөлінген және төленген сыйақы көлемі туралы ақпаратқа толық деңгейде қол жеткізе алмауы қатарлы өзекті мәселелер бар. Дегенмен құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар біршама қаржы жинайды. ҚҰБҰ есептеріне қарағанда, 2024 жылы олар 1,7 млрд теңгеден аса қаражат жинаған. Оның ішінде 1,2 млрд теңгеден астамы бөлінген, ал авторларға шамамен 920 млн теңге төленген. Ал 2025 жылдың есебі биыл сәуірдің ортасына қарай жарияланады. Сондықтан зияткерлік меншікті қорғау мен авторлардың еңбегін бағалау мәселесіне былтыр қандай нәтижеге қол жеткізілгенін көп кешікпей бағалау мүмкіндігі туады. Әзірге біз алдыңғы жылдың деректерін басшылыққа алдық.

Әрине, жиналған қаржының көлемі аз емес. Бірақ авторлар мен құқық иеленушілердің өтініші есептің ашықтығы мен сыйақыны уақытылы төлеуіне қатысты мәселелердің бар екенін көрсетті. Авторлар әрдайым өз туындыларының пайдаланылуы туралы толық ақпарат



**Жекелеген рәсімдер, соның ішінде пайдаланушылармен есеп айырысулар, одан әрі стандарттауды және заманауи цифрлық шешімдерге көшуді талап етеді. Аталған факторлар құқықтарды ұжымдық басқару жүйесін жаңғырту қажеттілігін айқындады.**

ала алмайды. Бұл сыйақының есептелуін бақылауды қиындатып, жүйеге деген сенім деңгейін төмендетеді.

Сонымен қатар салада қағаз құжат айналымының үлесі әлі де жоғары. Пайдаланушылармен жасалатын шарттар, сондай-ақ туындыларды пайдалану туралы есептер көп жағдайда дәстүрлі (қағаз) түрде рәсімделеді, бұл деректерді есепке алу мен талдау үдерістерін қиындатады.

Жекелеген рәсімдер, соның ішінде пайдаланушылармен есеп айырысулар, одан әрі стандарттауды және заманауи цифрлық шешімдерге көшуді талап етеді. Аталған факторлар құқықтарды ұжымдық басқару жүйесін жаңғырту қажеттілігін айқындады.

Осы ретте 2025 жылғы 24 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында көзделген құқықтарды ұжымдық басқару саласында бірыңғай цифрлық платформаны енгізу авторлық сыйақының ашықтығы мен уақытылы төленуін қамтамасыз етудегі негізгі қадамға айналып келе жатқанын да атап өту керек.

Сонымен қатар алғаш рет Қазақстан Республикасы Конституциясы деңгейінде зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бекітілді, бұл креативті экономиканың және инновациялық белсенділіктің дамуына тың серпін береді. Бұл туралы Мемлекет басшысы мәслихат депутаттарының III республикалық форумында да атап өтті.

Осыған байланысты бірыңғай цифрлық платформа жай ғана технологиялық құрал емес, авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтарын іске асырудың толыққанды тетігі болып саналады. Ол авторлар, құқық иеленушілер, ҚҰБҰ және пайдаланушылар өзара әрекет-

тесетін бірыңғай цифрлық кеңістік қалыптастырады, ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді, өзара іс-қимылды жеңілдетеді, әкімшілік кедергілерді азайтады және рәсімдерді ыңғайлы етеді.

Құқықтарды ұжымдық басқару жүйесін цифрландыру «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру бағытына және заманауи сервистерді дамытуға да сәйкес келеді. Жаңа платформа авторларға өз туындыларының пайдаланылуын дербес бақылауға мүмкіндік береді.

**Шолпан АБДРЕЕВА,**  
Әділет министрлігі  
Зияткерлік меншік құқығы  
комитетінің төрағасы



4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Таза табиғат, жасыл орман, саф ауа, сыңырлаған мөлдір бұлақ – адамзат тіршілігінің қайнар көзі. Қоршаған ортаның тазалығы – адам денсаулығы мен өмір салтына тікелей әсер ететін негізгі фактор. Сондықтан табиғатты қорғау, оны сақтау – адамзатқа ортақ міндет.

# «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ТАРТЫМДЫ БОЛАШАҚ



## Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ДМУ) жариялаған соңғы баяндамаға сәйкес, Жер шарының климаты бүгінде бақылау тарихындағы ең тұрақсыз әрі қауіпті кезеңдердің біріне жеткен. Ұйым деректеріне сүйенсек, 2015-2025 жылдар аралығы адамзат тарихындағы ең ыстық кезеңдердің бірі ретінде тіркелген. Мәселен, өткен жылы әлемдік орташа температура индустрияға дейінгі дәуірмен салыстырғанда, шамамен 1,43°С-қа жоғары болған. Ғалымдардың айтуынша, мұхиттар жандық жылынуды бәсеңдетуде маңызды рөл атқарады. Кейінгі жиырма жылда олар артық жылуының 90 пайыздан астамын сіңіріп, жердің шамадан тыс қызуын тежеп келді. Алайда 2025 жылы мұхитта-

тап, экологиялық мәдениет пен сана қалыптастыруда аталған ұлттық жобаның маңызды рөлі бар. Бұл – тек бірреттік шара емес, Табиғат-Ананы қорғауға арналған ұзақмерзімді үрдіс. 2024 жылдың қазан айында Президент тапсырмасын орындау мақсатында 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамытудың тұжырымдамасын бекіту туралы Үкімет қаулысы қабылданды. Бұл құжат қоғамда экологиялық құндылықтар қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағытын айқындайды. Сонымен қатар азаматтардың табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану жөніндегі міндеттері енді Конституциямен қорғалады және ол тұрақты даму қағидаттарына сай келеді. Қазақстанның

етумен қатар, осы мәдениетті қалыптастырудың алдыңғы шебінде жұмыс істеп келеміз. Сондықтан биыл негізгі акцент – тұрғындарды жүйелі түрде тарту, цифрлық бақылауды күшейту және тазалықты өмір салтына айналдыру. Негізінен, «Астана Тазалық» тек санитарлық тазалықпен ғана емес, қоғамның санасын тазалыққа үйрету, тазалыққа баулу қағидасын да қолға алды. Аумақтарды тазалау, коқыс шығару, жолдарды күтіп ұстау секілді үздіксіз жұмыстармен қатар, «Астана Тазалық» ұжымы түрлі ақпараттық, мағыналық мәні бар видеоролик түсіріп, экоакциялар ұйымдастырады, – деді Альберт Есалиев.

### ЖҰМЫЛҒАН ЕҢБЕК РЕКОРДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталғалы бері еліміздің түкпір-түкпірінде сенбіліктер ұйымдастырылып, көшелер мен аулалар, саябақтар мен қоғамдық орындар тазартылуда. Сонымен қатар аталған жоба жалпыұлттық сипатқа айнала отырып, мемлекеттік мекемелерді, білім беру ұйымдарын, кәсіпкерлер мен еріктілерді біріктіріп, ортақ іске жұмылдыруда. Ұлттық жоба аясында «Таза кәсіп – таза аймақ» – таза өндіріс құру, «Киелі мекен» – табиғи және қасиетті жерлерді қорғау,

лық акциясына 610 мыңнан астам адам қатысып, жұмылған еңбек нәтижесінде 90 мың гектарға жуық территория тазартылған және аумақ ерекшелігіне қарай тандалған – алма, қара мойыл, тал және ирга секілді жеміс ағаштарымен қатар, 180 мың жасыл желек отырғызылған. Экологиялық акция қыс мезгілінде де дәстүрлі түрде жалғасын тауып, аумақтарды қардан, мұздан тазартуға бағытталады. Бұл тұрғыда Астана қаласының жолдары мен көшелерін қардан тазалау жұмыстары ауқымды масштабқа шығады. Жалпы, 2025 жылы елордада 800-ден астам экологиялық іс-шара өткізілсе, оған 627 мыңнан астам қала тұрғыны қатысқан. Нәтижесінде, шамамен 120 мың тонна коқыс шығарылып, аула аумақтары, парк және скверлер, тарихи-мәдени нысандар тазаланды. Қаланың негізгі санитарлық тазалық бағыттары бойынша 100%-дық қамту қамтамасыз етілді. Мәселен, Альберт Есалиевтің есебіне, «Астана Тазалық» ЖШС қысқы кезеңде қаладан 2,2 млн текше метрден астам қар шығарылған. Қаланы ақ қар, көк мұздан тазалау жұмыстарына және күнделікті жұмысқа 600-ден астам техника, 700-ден астам жұмысшы жұмылдырылған. Ақпан мен наурыздың басындағы қарлы жауын кезінде жұмысшыларға біраз салмақ түсіп,

қатысып келеді. Әрбір іс-шара бойынша нақты есеп жүргізіліп, оның нәтижесі қоғамға ашық түрде ұсынылады. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрақты ақпарат беріліп отырады. Бұл қоғамның сенімін арттырып, азаматтарды жобаға белсенді қатысуға ынталандырады, – деді ол.

### ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯ: ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ИГІЛІГІ

Кейінгі жылдары елімізде қайта өңделетін қалдықтардың үлесі біртіндеп артып келеді. Бір қатар өңірде коқысты сұрыптау жүйесі енгізіліп, жаңа қайта өңдеу кәсіпорындары іске қосылуда. Бұл да «Таза Қазақстан» ұлттық жобасының игілігі екені анық. Қалдықтар мен коқыстарды жинау және қайта өңдеу, сұрыптау саласында жаңа технологиялар іске қосылды. Бұл – коқыс полигондарына тасталатын қалдықтарды елдегі азайтып, елдің экологиясы мен экономикасына айтарлықтай оң ықпалын тигізбек.

Ресми деректер бойынша, елімізде жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам коммуналдық қалдық шығады. Оларды қайта өңдеу деңгейі 2024 жылы 25,8%-ға жеткен. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің есебіне, қалдықтарды тазалау үшін 67 жоба жүзеге асырылып, 346 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген. Қоғамдық қалдықтарды сұрыптау барысында ел аумағына 100-ден астам фандоматтар қойылған. Ал коқыстарды сұрыптау үшін Астана, Алматы, Өскемен және Ақтөбе қалаларындағы 129 мектепке мыңнан аса экобокс орнатылды. Экобоксарға адамдар түрлі коқысты бөліп сала алады. Қазір «Таза Қазақстан» экожоба аясында заманауи технологияларды экологиялық сын-қатерлерге жедел қолдану жүйесі де жетіліп келеді. Елімізде 2024 жылдан бастап @TazaQazBot телеграм-боты жұмыс істейді, оның көмегімен азаматтар өз елді мекендерінде экология және абаттандыру саласындағы мәселелер туралы хабарлай алады. Мамандардың сөзінше, пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін бот өтініштерді 21 санат бойынша бөледі, сондай-ақ сұрауларды автоматты түрде тиісті қызметтерге жібереді. Бұл мәселелерді жою үдерісін жеделдетуге және биліктің халықпен өзара іс-қимылының ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Ең бастысы, экологиялық қозғалысқа кез келген адам қосыла алады. Сенбіліктерге қатысу, коқыстарды сұрыптау, ағаш отырғызу, бұлақ көзін тазарту, балаларды экологиялық әдеттерге үйрету – мұның бәрі еліміздің таза, қауіпсіз және жасыл болашағына қосылған зор үлес.



ғы жылу деңгейі рекордтық көрсеткішке жетіп, жылыну қарқыны бұрынғыдан екі есеге жуық артқан. Соның салдарынан мұздықтар жылдам еріп, теңіз деңгейі 1993 жылдан бері шамамен 11 сантиметрге көтерілген. Мамандардың пікірінше, бұл үрдіс тіпті парниктік газдар азайған күннің өзінде жүздеген жылға созылуы мүмкін. Жер шарының мұндай экологиялық ахуалы еліміз үшін де өзекті мәселе саналады. Ресми ақпаратқа сәйкес, климаттың жаһандық өзгеру әсерінен кейінгі онжылдықта Қазақстанда ауа температурасы орташа есеппен 1-2°С-қа жоғарылаған. Бұл, әсіресе, ауыл шаруашылығына және су ресурстарына кері әсер етуде. Сондықтан дархан даламыз бен асқар тауларымызды, өзен-көліміз бен ну орманымызды сақтап қалу әрбір азаматқа жүктелетін үлкен жауапкершілік десек болады.

### ЖАҒАНДЫҚ ҮРДІСПЕН ҮНДЕС ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қазіргі күні баршамыз үшін ортақ міндетке айналған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жаһандық үрдістермен үндес маңызды қадам екені сөзсіз. Республика аумағын түгел қамтып, табиғатқа жанашырлықтан бас-

стратегиялық зерттеулер институты Экономикалық саясатты талдау бөлімінің бас сарапшысы Әсел Әбеннің пікірінше, жаңа Конституцияда экологиялық жауапкершіліктің бекітілуі экономикалық тұрақтылығын нығайтады. Сонымен қатар аталған бастама Қазақстанның халықаралық міндеттемелерімен, соның ішінде Paris Agreement аясындағы климаттық келісімдермен үйлеседі. Бұл 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі ұлттық мақсаттарға да сәйкес келеді.

Демек, биыл «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жаңа деңгейде жалғасады. Себебі Президент тарапынан бұл бастама бірреттік науқан емес, елдің даму философиясына айналмақ. «Астана Тазалық» ЖШС бас директордың орынбасары Альберт Есалиевтің айтуынша, «Таза Қазақстан» қағидаты жаңа қоғамдық құндылықтардың, соның ішінде Конституциялық деңгейдегі идеологиялық өзектің біріне айналуға тиіс деген түсінікті қалыптастырады. Яғни, сөз тек аумақты тазалау туралы емес – бұл заңға құрмет, тәртіп, жауапкершілік және қоғам мәдениетін қалыптастыру туралы.

– «Астана Тазалық» үшін бұл бағыт өте маңызды. Себебі біз күнделікті тазалықты қамтамасыз

**2025 жылдың 9 айында ұйымдастырылған экологиялық акцияларға 5,4 млн астам адам қатысып, 966 мың гектарға жуық аумақтан 729 мың тоннадан астам коқыс шығарылып, ел аумағы 2,4 млн түп ағашпен толыққан.**

«Таза өлке» – аумақтарды көпшілікпен тазалау, «Мөлдір бұлақ» – бұлақтар мен су айдындарының тазалығын сақтау секілді түгел ел аумағын қамту бойынша ауқымды іс-шара жүзеге асырылып жатыр. Ресми ақпарат бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталғаннан бері бүкіл республика бойынша 1,1 мың экологиялық акция өткізілді, оған 10,4 млн-нан астам адам, оның ішінде 586 мың ерікті қатысты.

Ал 2025 жылдың 9 айында ұйымдастырылған экологиялық акцияларға 5,4 млн астам адам қатысып, 966 мың гектарға жуық аумақтан 729 мың тоннадан астам коқыс шығарылып, ел аумағы 2,4 млн түп ағашпен толыққан. Сондай-ақ былтыр аумақты тазалау жұмыстарына бір уақытта шыққан республика көлемінде адам саны бойынша алғаш рет ел рекорды орнатылып, жетістік еліміздің КИНЭС рекордтар кітабына енгізілді. Нақты айтар болсақ, 2025 жылы 11 қазанда республика бойынша экология-

қазірдің өзінде шамамен 200-ге жуық қызметкер түнгі ауысымда жұмыс істейді.

Әсіресе, жоба аясында ерікті жастардың белсенділігі ерекше көзге түседі. JASYL EL жастар еңбек жасақтары республикалық штабының басшысы Нұрасыл Бекматовтың мәліметінше, 2025 жылы JASYL EL арқылы 35,9 мың жас маусымдық жұмыспен қамтылған. Ал жалпыұлттық жоба жүзеге асырыла бастаған уақыт аралығында жастар еңбек жасақтары 2,5 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырып, 50 мыңға жуық ағаш отырғызған және 46 мың тоннадан астам коқыс шығарған. Сондай-ақ Нұрасыл Бекматов, Kazinform агенттігіне берген сұхбатында, «Таза Қазақстан» жобасының тиімді жүзеге асуы ашықтық пен жүйелі бақылауға тікелей байланысты екенін атап өтеді.

– Бұл бағытта орталық және жергілікті атқарушы органдармен қатар, қоғамдық ұйымдар мен жастар қозғалыстары да белсенді



4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Бүгінде тұтас ел аумағын қамтыған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы халықтың экоментәниетін арттыруға сүбелі үлес қосып келеді. Әсіресе, қоршаған орта мен табиғатқа деген жауапкершілік жүгінің аса зор екені біртіндеп болса да ел ішінде айқын сезіле бастады. Ақмола облысында да бұл бағыттағы басты қозғаушы күш – «Таза Қазақстан» республикалық акция аясында жүргізіліп жатқан ауқымды іс көп. Осыған дейін өңірде сенбіліктер түрінде ғана ұйымдастырылып келген тазалық шаралары ендігі кезекте ересектермен қатар жастардың да өміріне тыңнан түрлен салғандай.

**А** Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

#### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ: САНДАР МЕН СЕРПІН

Облыс аумағында экологиялық мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстардың ауқымы да жыл сайын кеңейіп келеді. Мәселен, тек былтырдың өзінде облыс бойынша 2 900-ден астам экологиялық акция ұйымдастырылып, оған 320 мыңға жуық жас қатысканы мәлім. Бұл өңір жастарының табиғатты қорғау ісіне бейжай қарауды қойып, қоршаған орта ахуалының маңызын жете түсініп, баса мән бере бастағанын айғақтай түседі.

Жыл бойы өңірдің барлық аймағын толықтай қамтыған тазалық акциялары барысында жастар қоғамдық аумақтарда қордаланып қалған күл-қоқыстарды тазалаудан бастап, аулаларды абаттандыру, ағаштарды өктеу, өзен арналары мен демалыс орындарын ретке келтіру сияқты аса маңызды істерге белсене араласқан.

Бұл жұмыстар тек тазалықпен шектелмей, жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға, табиғатқа жанашырлық көзқарас қалыптастыруға негіз болып отыр. Жастардың өзі де мұндай бастамалардың маңызын ерекше атап отыр. Олардың тын жұмыстарға деген көзқарасы мен белсенділігі экологиялық санасының жаңа деңгейге көтерілгенін айқындайды. Осы ретте еріктілердің пікірі де ерекше мәнге ие.

– Біз «Таза Қазақстан» акциясын жай ғана шара ретінде емес, ортақ жауапкершілік деп қабылдаймыз. Қаламыздың тазалығы мен экологиясын сақтау – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз. Осындай бастамалар арқылы біз табиғатқа деген жанашырлықты арттырып қана қоймай, өңіріміздің дамуы мен көркеюіне де өз үлесімізді қосып келеміз деп ойлаймын, – дейді «Мейірім» волонтерлік ұйымының мүшесі Ақсұңқар Қуат.



Бұл пікір бүгінгі жастардың экология мәселесіне бейжай қарамайтынын, керісінше, оны өз өмірлік ұстанымына айналдыра бастағанын аңғартады.

#### «ҚАРЛЫ ДЕСАНТ»: ҚЫСТАҒЫ ИГІ БАСТАМА

Экологиялық бастамалардың ішінде теріскей аймақтар үшін ерекше маңызға ие жобаның бірі – «Қарлы десант» акциясы. Қыс мезгілінде жүзеге асырылатын бұл жобаның бір ерекшелігі сол – тек экологияға емес, әлеуметтік жауапкершілікке де баса назар аударылады.

Мәселен, тек былтырғы жылдың басынан бері облыс бойынша 400-ден астам іс-шара өткізіліп, оған 13 мыңнан астам ерікті мен жастар ұйымдарының өкілі тартылған. Осы сандар акцияның жастар тарапынан кеңінен қолдау тапқанын айғақтайды. Жұдырықтай жұмылған істің қашанда берекесі мен берері де мол емес пе?! Жер қайысқан жастардың тегеурінді әрекетінің арқасында өңірде 600-ден астам әлеуметтік нысан – мектептер, ауруханалар, ескерткіштер мен қоғамдық орындар омбы қардан тазартылған.

Сонымен қатар акция аясында жалғызбасты қарттарға көмек көрсету де жолға қойылғанын атап өткен жөн. Мәселен, тек облыс орталығы Көкшетаудың өзінде еріктілер 100-ден астам қарттың ауласын қасат қардан тазалап, тұрмыстық қолдау көрсеткен. Облыс бойынша мұндай көмек 500-ге жуық көнекөз қарияға көрсетіліп, жастарды ақжарма алғысқа бөледі. Бұл өңір жастарының табиғатқа ғана емес, қоғамға деген жанашырлығын танытатын маңызды қадам екені даусыз.

#### БІЛІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІң ТОҒЫСЫ

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда білім беру бағытындағы іс-шаралардың да орны аса ерекше. Соның айқын мысалы – «Экосана» интеллектуалдық квиздері десек қателеспеспіз. Мәселен, осы жылдың 10 наурызында Целиноград ауданына қарасты Қаражар ауылында өткен квизге 300-ден астам жас қатысып, экологиялық мәселелер бойынша білімін сынға салды. Дәл осындай

Шара барысында игі бастамаға мұрындық болған қатысушылар көп реттік ыдыстарды қолдану, пластикті азайту, макулатураны бөлек жинау, шоппер пайдалану сияқты қарапайым, бірақ тиімді әрекеттер арқылы қоршаған ортаны қорғауға болатынын көрсетті. Бастама аясында үн қатқан жастар қоршаған ортаны қорғауды күнделікті өмір салтына айналдыруға ерекше мән беріп отыр. Осындай саналы жастың бірі – Қосшы қалалық Жастар ресурстық орталығының волонтері Аружан Борамбаева. Оның айтуынша, экологиялық жауапкершілік ең алдымен әр адамның жеке таңдауынан басталады.

ерікті қатысып, аса үлкен ауқымда ұйымдастырылған Наурыз мерекесінен кейін шаһардың көрікті орнының бірі «Жаңа жағалау» аумағын қоқыстан тазартып шықты.

Екі шақырымға жуық аумақты қамтыған бұл жұмыс тазалық шарасы ғана емес, қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам болды десек, артық айтпаспыз. Волонтерлер мерекелік шарадан кейін шашылып қалған пластик және шыны қалдықтарды жинастырып, демалыс орындарын ретке келтірді.

Ұйымдастырушылардың дерегіне сенсек, жыл басынан бері қалада 50-ге жуық осыған ұқсас акция ұйымдастырылған. Алдағы уақытта ағаш отырғызу, арықтарды тазалау, ескерткіштерді абаттандыру сияқты жұмыстар жалғаса бермек.

# ЖАСЫЛ

## САНА

### Жаңағырғы



форматтағы іс-шаралар Сандықтау ауданы мен Степногорск қаласында да ұйымдастырылыпты.

Куиз барысында қатысушылар қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу, су және жер ресурстарын тиімді пайдалану, ауылдық аумақтардың санитарлық жағдайын жақсарту сияқты ел экологиясы үшін аса маңызды ұсынысын ортаға салды.

Степногорск қаласында ұйымдастырылған «Таза Қазақстан – болашақтың бастауы» атты квизде жастардың экологиялық ойлауын дамытуға ықпал еткенін атап өткен жөн. Мұнда қатысушылар теориялық біліммен қатар, практикалық тапсырмалар орындап, қордаланған мәселелерді түзетуге бағытталған нақты шешімдерін ұсынды.

Елорданың іргесіндегі Қосшы қаласында өткен «Экоәдеттер» апталығы экологиялық мәдениеттің тек акциямен шектелмейтінін айғақтап берді. Бұл жоба аясында жастар күнделікті өмірде де экологиялық әдеттерді қалыптастыруға болатынын нақты дәлелдермен жұрт назарына ұсынды. Жастар қарапайым әдеттердің өзі үлкен өзгерістерге бастайтынын нақты іспен дәлелдеп берді.

– Мен «Таза Қазақстан» жобасын толық қолдаймын. Қазір экоәдеттер апталығы басталды. Осыған байланысты өз тәжірибеммен бөліскім келеді. Мәселен, өз басым күнделікті өмірде пластик бөтелкелер мен бірреттік ыдыстардан бас тартып, олардың орнына шыны ыдыстарды қолдана бастадым. Сонымен қатар үнемі өзіммен бірге шоппер алып жүремін. Бұл – күтпеген жерден дүкенге кірген жағдайда пластик пакеттерден бас тартуға мүмкіндік береді. Осындай шағын қадамдардың өзі қоршаған ортаның тазалығына оң әсерін тигізеді деп сенемін, – дейді ерікті А.Борамбаева.

Бұл экологиялық мәдениетті қалыптастыру ірі акциялардан ғана емес, әр адамның күнделікті өміріндегі қарапайым да саналы таңдауынан басталатынын көрсетеді.

#### НАУРЫЗНАМАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҮН

Өңірде Наурызнама онкүндігі аясында өткен «Тазару күні» де экологиялық мәдениетті насихаттаудың жарқын үлгісіне айналды. Көкшетау қаласында өткен аса ауқымды акцияға 200-ге жуық

#### ЭКОЛОГИЯНЫ НАСИХАТТАУДЫҢ ЖАҢА ДЕНГЕЙІ

Халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда ақпараттық жұмыстардың да рөлі ерекше екені сөзсіз. Ақмола облыстық Ішкі саясат басқармасының дерегіне, тек жыл басынан бері ғана «Көкше ТВ» телеарнасында 4 бейнеролик пен 32 сюжет эфирге шыққан. Сондай-ақ өңірлік басылымдарда 115-тен астам, республикалық БАҚ-та 40-тан астам жарияланым жарық көрсе, әлеуметтік желілерде 33 мыңнан астам ақпараттық пост жарияланған.

Бұл көрсеткіштер экологиялық тақырыптың қоғамдағы өзектілігін арттырып, халықтың назарын табиғатты қорғау мәселесіне аударуда маңызды рөл атқарып отыр.

Ұсынылған деректерге сүйенсек, бүгінде Ақмола облысында 62 волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Жалпы еріктілер саны 3,5 мыңнан асады. Олар экологиялық акциялармен қатар, әлеуметтік бағыттағы жұмыстар мен жобаларға да белсенді қатысып отыр.

Еріктілердің бастамалары қоғамдағы өзара көмек пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етіп отырғанын атап өткен жөн. Әсіресе, қарттарға көмек көрсету, табиғатты қорғау және қоғамдық кеңістіктерді жақсарту бағытындағы жұмыстар олардың маңызын арттыра түсуде.

#### P.S.

Ақмола облысында жүзеге асырылған экологиялық бастамалар жастардың санасында жаңа құндылықтардың қалыптасып келе жатқанын аңғартады. Яғни, бүгінгі жас буын табиғатты қорғауды міндет емес, өмірлік ұстаным ретінде қабылдай бастаған. «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жұмыстар тек қоршаған ортаны тазартумен шектелмей, қоғамда экологиялық мәдениетті, жауапкершілік пен белсенді азаматтық позицияны қалыптастыруға бағыттайды.

## ЖАНСАРАЙ

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

2026 жыл – қазақ театры кеңістігінде символдық мәнге ие. Әуелі ғасырлық тарихы бар М.Әуезов театры 100-маусымына қадам басса, екіншіден, «әкемтеатрдың анасы» Нүкетай Мышбаева торқалы тоқсан жасқа толды. Әуезов театры қазақ руханиятының шежіресі болса, Нүкетай Мышбаеваның тағдыры сол тарихпен біте қайнасып жатыр. Себебі бүтін бір саналы ғұмырын өнерге арнаған актрисаның жетпіс жылға жуық өмірі театр сахнасымен тікелей байланысты. Осыған орай біз жақында Халық әртісін атаулы мерейтойымен құттықтап, апамызбен сырласып қайттық.

– Нүкетай апа, биыл – қазақ театр өнері үшін ерекше жыл. Кезінде өзіңіз қызмет еткен М. Әуезов театры биыл ғасыр жасын атап өтті. Қара шанырақтың ғұмырыңызда алар орны бөлек екенін білеміз. Сондықтан сауалымызды әуелі осы бір өнер ордасы жайынан бастасақ. Өмір жолыңыз театрмен қалай сабақтасып жатыр? Сахна Нүкетай Мышбаева болып қалыптасуыңызға қалай әсер етті?

– Мен бала күнімнен өнерге ерекше ынтық болып өстім. Себебі біздің шанырақтың өзі өнерге біртабан жақын еді. Анам әнші әрі айтыскер акын болса, ағаларым домбыраның құлағында ойнайтын. Қысқасы, өнерді серік еткен ортада тәрбиелендім. Осындай ортада өскен соң менің де өнерден алыс кетуім мүмкін емес еді. Анамның айтуынша, бір жасымнан бастап ән айтып, би билепмін. Сол кездері үлкен әжелеріміз біздің үйде жиі бас қосатын. Сонда менің билеп, ән айтып жүргенімді көрген олар: «Ойпырым-ай, мына балаға тіл тмесін», – деп алаңдап, танданысын жасыра алмайды екен. Ал анам болса, бәрінен бұрын менің жарқын болашағыма сенетін. Ол үнемі: «Менің қызым өскенде әртіс болады», – деп нық айтатын. Ол заманда актер болуды жұрт онша құптай бермейтін, «қаңғы жүретін кәсіп» деп қарайтындар да болды. Бірақ анам өнердің киесін, таланттың қадірін білетін адам еді. «Әртіс болу үшін шынайы талант керек. Табиғи дарыны бар адам өзі армандаған оқуына барады да, содан бақыт табады», – деуші еді. Менің өнерге келуім – анамның сенімі мен тәрбиесінің жемісі.

Осы уақытқа дейін театр сахнасында комедия, драма, трагедия жанрында болмасын, сан алуан рөлді сомдадым. Сол рөлдің бәрін шынайы жеткізіп, көрерменнің ықыласына бөлену – мен үшін ең үлкен бақыт. Міне, таяуда ғана тоқсан жылдық мерейтойымды атап өттім. Кезінде театрысз күн кешу мүмкін емес сияқты көрінетін. Қазір жас келіп, үйде отырған соң сахнаны қатты



сағынамын. Мені осы дәрежеге жеткізген де – театр мен көрерменім. Театр – менің өмірім. Өнерді өмірімнен артық жақсы көріпмін. Өнерге деген шексіз махаббаттың арқасында театр сахнасында жетпіс жылға жуық қызмет еттім.

#### СӘБИТ ОРАЗБАЕВ ЕКЕУМІЗ ҒАНА ҚАЛДЫҚ...

– Театрға Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Фарид Шәріпова, Әнуар Молдабеков, Райымбек Сейтметов, Раушан Әубаева сияқты кіл мықтылармен қатар келдіңіз. Соған қарағанда өнер иесі ретінде жетілуіңізге шығармашылық ортаныз көбірек ықпал еткен сынайлы...

– 1959 жылы әртіс боламын деген бір топ талапкер болып, М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры табалдырығын аттадық. Арамызда Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Фарид Шәріпова, Әнуар Молдабеков, Райымбек Сейтметов, Раушан Әубаева сияқты қазақ өнерінің маңдайалды тұлғаларына айналған дарындар болды. Бізді арнайы іріктеп, театрға алып келген – Құрманбек Жандарбеков. Ол кісі біздің бойымыздан бір үміт, бір от көрді ме, әйтеуір бәрімізді бір шанырақтың астына жинады. Сол кезеңнен бері біз туыстай жақынға айналып, бір-бірімізге білгенімізді бөлістік. Көбіміз осы сахнада жетпіс жылға жуық еңбек еттік. Шынында да, біз келген орта – нағыз таланттардың ордасы еді. Әрқайсысы бір-бір мектеп, бір-бір әлем болатын. Әсіресе, Фариданың нәзік те терең болмысы, Асанәлінің сахнадағы қуаты, Райымбектің тегеуріні, Раушанның табиғи шынайылығы – бәрі де біз үшін үлкен мектеп болды. Осындай алыптардың ортасында жүріп, біз де шыңдалдық, өстік. Қазір сол буыннан Сәбит Оразбаев екеуіміз ғана қалдық... Көбі о дүниеге аттанды. Әрине, қатты құлазыдық. Дегенмен амал нешік, қолдан келер шара бар ма, қызым?..

Дауысың жаман емес. Бірақ сен әнші емес, актриса болуың керек», – деді. Бұл – Асқар Токпанов еді. Әрине, оның ұсынысына бірден келісе қойған жоқпын. Себебі әнші болам деген арманымнан алыстағым келмеді. Сонда ол кісі: «Қызым, Роза – біреу. Ол ешқашан екеу болмайды. Бізге кел. Драма театрының әртісі болатын балалар менің биыл ашқан факультетіме келеді», – деп мені өзінің мектебіне шақырды. Сол бірауыз сөз тағ-

сахна мәдениетін, өнердің жауапкершілігін үйретті. Асқар Токпановтың мектебінен өткен жастар кейін театрға келіп, басты рөлдерді сомдады, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

**СӘБИРА МАЙҚАНОВА,  
ФАРИДА ШӘРІПОВА  
ҮШЕУМІЗ КӨРШІ ТҮРДЫҚ**

– Өзіңіз жайлы оқырман біле бермейтін дерек, кезінде Фарид Шәріпова мен Сәбира Майқанова


**Нүкетай Мышбаева,  
Қазақстанның халық әртісі:**

## Өнерді артық жақсы

#### ТОҚПАНОВТЫҢ ТАЛАБЫ КАТАЛ, ТӘРТІБІ МЫҒЫМ БОЛДЫ

– Өткенге шегінсек, тағдыр жолыңыздың театрмен тоғысуына Асқар Токпановтың бірауыз сөзі әсер еткен. Өнердегі бастауыңыз жайлы сөз қозғалғанда, Токпановтың мектебінен тәлім алған шәкірт ретінде ойыңызға алғаш не оралады?

– Бала күнімдегі ең асқақ арманым – әнші болу еді. Сол арман жетегімен құжатымды ән еткен сынайлы...



факультетіне тапсыруға келдім. Жастайымнан Роза Бағланова секілді сахнада ән шырқасам, ел ықыласына бөлensem деп қиялдайтынмын. Емтихан кезінде оның әнін айтып тұрғанымда, аудиторияға бір кісі кіріп келді. Жұрттың бәрі орнынан түрегіліп, ерекше ілтипатпен қарсы алып жатты. «Асеке, жоғары шығыңыз» деген дауыстар естілді. Ауылдан енді ғана келген мен ол кісінің кім екенін білмедім. Ән айтып тұрған менің бойымда Роза Бағлановадан да асып түсемін деген балаң қиял болды. Сол сәтте әлгі кісі менің қайдан келгенімді сұрады. «Нарынқолдан келдім», – дедім. Сонда ол: «Райымбек ауданынан екенсің ғой, аруақ қолдасын, қызым.



дырымды басқа арнаға бұрып жібергендей. Токпанов – өте білімді, өз ісінің нағыз шебері еді. Біз ол кісіден қатты именетінбіз. Талабы қатал, тәртібі мығым болды. Сабақта этюд көрсеткенде, кейде күліп отырады, кейде бірден тоқтатып, «әртіс болам деген адам өзгеше болуға тиіс» деп бізді сын астына алатын. Ұрысса, ондырмай ұрысатын. Бірақ сол қаталдықтың артында бізді әртіс ретінде шыңдау, сахнаға лайық тұлға қалыптастыру мақсаты жатты. Біз Токпановтың тәрбиесімен шыңдалдық. Сабаққа салғырт қарауға болмайтынын ұғындық. Оның әр тапсырмасына тыңғылықты дайындалып, өз-өзімізді қамшылап жүрдік. Токпанов бізді жай ғана оқытып қойған жоқ, кәсіби жолға салды,

үшеуіңіз бір аулада көрші тұрдыңыздар. Бұл сіздердің өнерде де, өмірде де жақын болуларыңызға әсер еткен тәрізді. Осы кезеңді еске түсірейікші...

– Иә, ол бір ерекше, сағынышқа толы дәурен еді. Театр бізге баспа беріп, бәрімізді бір аулада табыстырды. Сол жерде Сәбира Майқанова, Фарид Шәріпова үшеуіміз көрші тұрдық. Бір аулада тұрған соң театрға да күнделікті бірге қатынайтынбыз. Сол жылдары Фариданың жары Ыдырыс Ноғайбаевтың астында көлігі болатын. Үшеуіміз де театрға ылғи соның көлігімен барып келіп жүрдік. Сәбира мен Фарида қандай керемет актрисалар болды десеніңші... Сәбира апам анамдай аяулы жан болса, Фарида жан сырымды ақтаратын

## ЖАНСАРАЙ

4 СӘУІР 2026 | СЕҢБІ

жақын досыма айналды. Біз бір-бірімізге жиі қонаққа барып, ұзақ әңгіме-дүкен құратынбыз. Екеуі де қазақ сахнасының бірегей, қайталанбас актрисалары. Сәбира апам сахнада қандай шынайы болса, өмірде де сондай табиғи қалпынан айнымайтын. Ішкі мәдениеті биік, парасаты терең жан еді. Ал Фарида – сахнада да, өмірде де ерекше жаратылған тұлға. Оның өнері де, адами болмысы да бөлек болатын. Фарида – сахнада теңдесі жоқ актриса ғана емес, отбасында да өз орнын тапқан аяулы ана болды. Бізді тәрбиелеген – сол буынның үлкендері. Сәбира Майқанова, Шолпан Жандарбе-

Көйлек үстіме дәл келді. Тап бір өзіме құйып қойғандай. «Сахнаға осы көйлекпен шығасың» деді. Олардың сөзін жерге тастай алмадым. Олардың жастарға деген ықыласы ерекше болатын. Біз сол мейірімнің, сол талаптың ортасында өстік. Әр сөзі, әр қимылы – біз үшін нағыз мектеп еді. Әсіресе, Сәбира Майқанова, Бикен Римова, Хадиша Бөкеева апаларымыздың сахнадағы үні балконда отырған көрерменге дейін анық естілетін. Сөздің салмағы, дауыс мәдениеті дегенді сол кісілерден үйрендік. Бүгінгі заман басқа, талап басқа. Жастардың да өз деңгейі бар, киінуі де, өзін ұстауы да өзгеше. Қазіргі

колға алып жүр. Сондай бір жобаларының бірі – қазақ тілін жырларды жаттау арқылы оқыту. Бұдан бөлек, тағы бір бастамасы Алматы қаласындағы көрнекі жарнамалардағы тілдік қателерді түзетуге бағытталған. Сонымен қатар «Киелі Жетісу» атты сайты бар, сол жерде өз мақалаларын жариялап отырады. Біздің отбасымыз үшін өнер мен руханият – ажырамас ұғым. Сондықтан мұны белгілі бір деңгейде шығармашылық сабақтастық, рухани жалғастық деп айтуға әбден болады.

– Ел анасы ретінде бүгінгі өскелең ұрпаққа қандай ақыл-кене-сіңізді айтар едіңіз? Неге үйреніп, неден жиренуіміз керек?

# Өмірімнен Көріпін

кова, Бикен Римова, Елубай Өмірзаков сынды театр әлемінің тарландары біз үшін екінші мектеп болды. Олар бізді үйретіп қана қойған жоқ, бауырына тартып, қамқорлық танытты. «Таланттарын бар» деп үміт артып, үлкен рөлдерді сеніп тапсыратын. Сол сенім бізге күш берді, қиялымызға қанат бітірді.

– Сұхбаттарыңызда театр өнерінің саңлақтары Сәбира, Шолпан, Бикен апаларымыз сізді туған қызындай қарап, қамқорлық танытқанын жиі айтасыз. Өзіңізден кейінгі буын арасында осындай сабақтастық сақталды ма?

– Театрға алғаш келген күнімізден-ақ бізді үлкен буын ерекше ықыласпен қарсы алды. Біз оларды «апа» деп туған анамыздай сыйладық. Алдынан кесіп өтпей, бағыт-бағдарымызды соларға қарап түзейтін едік. Бір сапарымызда Бикен апа мен Шолпан апа екеуі бір нөмірде, ал біз 5-6 қыз болып бір бөлмеде жаттық. Сол кезде Шолпан апам мені шақырып алып: «Толған қыздың арасында не бітіресің, бізге келіп жат», – деп өз қасына алғысы келді. Әйтеуір, мені өздерінше жақсы көретінін сезіп тұратынмын. Ал мен болсам қысылғаннан: «Ұят болады, бармай-ақ қояйын, осында жата беремін», – дедім.

Кезінде үнемі тастамай қиетін бір көйлегім бар еді. Сол көйлек өзіме қатты ұнайтын. Бір күні Сәбира апам қарап отырып әзіл аралас: «Әй, Нүкетай, өзін оймалдай болып алып, мына көйлегінді тастамай қиесің ғой», – дегені бар. «Басқа да көйлектерім бар, апа, бірақ өзіме осы көйлек ұнайды», – деймін. Сонда «Шеш, өлшейік» деді. Неге екенін түсінбей, бойымды өлшеп алды. Кейін білдім ғой, Сәбира апамның өзі ісмер, киімге шебер еді. Сөйтсем, театрдың ашылатын күні Бикен апа екеуі маған арнайы көйлек тіктіріп қойыпты. Шақырып алып, «киіп көр» деді.



жастарды нашар деп айта алмаймын, бірақ кейде олардың үніне қарап, студент кезінде дұрыс қалыптаспаған шығар деген де ой келеді... Өзім жақсы адамдарды көрсем, оларды туған қызындай көремін. Қолымнан келгенше ақылымды айтып, бағыт көрсеткім келеді. «Сахнада бәсең сөйлем, көрерменге дауысың жетсін» деп ақылымды айтып жүремін. Олар да басын иіп, мені өздерінше қадірлей бастайды. Ұрпақтар арасындағы сабақтастық әлі де үзілген жоқ деп ойлаймын, жарығым.

– Байқауымызша, сізді өнермен көп нәрсе байланыстырады. Театрға қызмет ете жүріп өмірлік жартыңызды сахнада жолықтырсаңыз, қайын ененіз де елге белгілі өнер адамы болды. Отбасыңызда перзентіңіз де шығармашылықтан кенде емес. Осыған қарап өнер саласымен тұтас бір династия айналысты деп айта аламыз ба?

– Иә, біз отбасымызбен өнерге жақынбыз. Қызым Земфира – мәдениеттанушы. Ол ерікті ретінде қазақ тілінің дамуына өз үлесін қосуды азаматтық парызы санайды. Қазіргі қазақ тілінің жай-күйіне алаңдап, осы бағытта түрлі бастаманы



– Әр дәуірдің өз талабы, өз ағымы бар. Қазір заман басқа. Дегенмен санасы сергек, ойы озық жас қай кезеңде де өзін жоғалтпайды деп сенемін. Менің айтарым, ең алдымен, жастар үлкенді сыйлауды ұмытпауы керек. Адамның жүрегі ауыртатын орынсыз сөзден аулақ болған жөн. Біз ауылдың тәрбиесін көріп өскен буынбыз. Үлкен кісіні көрсек, басымызды иіп, сәлем



Театр бізге баспана беріп, бәрімізді бір аулада табыстырды. Сол жерде Сәбира Майқанова, Фарида Шәріпова үшеуіміз көрші тұрдық. Бір аулада тұрған соң театрға да күнделікті бірге қатынайтынбыз. Сол жылдары Фариданың жары Ыдырыс Ноғайбаевтың астында көлігі болатын.

беретінбіз. Тағы бір айтарым – адалдық. Өтірік айтпау, шындыққа берік болу – адамның ең асыл қасиеттерінің бірі. Адамды сую, айналана мейіріммен қарау да – үлкен мінез. Осындай қасиеттер адамды биіктеге түседі, тұлға ретінде қалыптастырады. Саналы адам өзін-өзі тәрбиелейді, өз жолын табады. Ал санасыздық – адамды адастыратын нәрсе. Сондықтан әр жас ең алдымен өзінің ішкі мәдениетін, адамгершілік болмысын қалыптастыруға мән беруге тиіс деп айтқым келеді.

## САХНАДАҒЫ СЕРІКТЕРІМДІ ЖИІ САҒЫНАМЫН

– Ғасырға жуықтаған ғұмыр жолыңызға қарап нендей баға берер едіңіз, апа? «Әттеген-айлар» көп болды ма?

– Мен үшін ең бастысы – сахнаға деген адалдық. Театрда жетпіс жылға жуық адалынан еңбек еттім. Әр рөліме үстірт қараған емеспін. Сахнада кейіпкерімнің сөзін жай ғана жатқа айтып бере салмай, оның болмысын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін, жан дүниесін терең зерттеп, жүрегімнен өткізіп

барып қана сахнаға шығатынмын. Сол жауапкершілік менің бүкіл шығармашылық жолымның өзегіне айналды. Бүгін өткен өміріме көз жүгіртсем, театрыма, көрерменіме алғыстан басқа айтарым жоқ. Өйткені мен оларды шын жүрегіммен жақсы көрдім. Ал адам шынайы ықыласты әрдайым сезеді. Сол себепті көрермен де мені қастерлейді деп ұғамын. Енді, міне, жасым тоқсаннан асты, тәубе! Қазір кішкене ауырыпқырап жүрмін, айналайын.

– Жылдар жылжыған сайын көңіл төрінен орын алған жандардың қатары сирей береді. Жаныңызға мұң ұялататын осы түс емес пе? Кімді сағынасыз, кімге сыр шертесіз?

– Уақыт өткен сайын адамдар о дүниеге кете береді екен... (күрсінді) Әсіресе, бірге оқыған, бірге қызметтес болған өзімнің қатар құрбыларым, жаттан жақынға айналған достарым бақилыққа аттанғанда, бұл хабарды қабылдау оңай болған жоқ. Қабырғам қайысты... Әсіресе, сахнадағы серіктерім Асанәлі Әшімов, Фарида Шәріпова, Әнуар Молдабеков, Райымбек Сейтметов, Раушан Әуезбаеваларды жиі сағынамын. Бәрі де жүрегіме жақын адамдар еді, сондықтан олардың әрқайсысын бөліп-жарып айту да қиын. Қазір сол күндерді, бірге өткен сәттерді еске алып, іштей сағынышпен еске аламын. Жас ұлғайған сайын мұндай сезім тереңдей түседі екен. Дегенмен тағдырға разымын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

## ӘЛЕУЕТ

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



Кейінгі жылдары Қазақстанда ғылымды дамытуға бағытталған бастамалар жиілеп, университеттер зерттеу орталықтарына айнала бастады. Соның ішінде Nazarbayev University – ғылыми жобалардың ауқымы мен сапасы жағынан көш бастап тұрған оқу орындарының бірі. Мұнда жүзеге асырылып жатқан зерттеулердің саны да, тақырыптық қамтуы да кең. Алайда осы әлеуеттің бәрі бірдей нақты өндіріс пен экономикаға әсер етіп жатыр ма? Бұл – бүгінгі күннің өзекті сауалы.

**А** Айгүл СЕЙІЛ

Бес жыл ішінде университет Қазақстанның өзге жоғары оқу орындарымен ғылыми әріптестікті нығайтуға бағытталған Бірлескен зерттеулер бағдарламасы (CRP) аясында 66 жобаны қаржыландырған. Бұл бағдарлама пәнаралық зерттеулерге басымдық беріп, жаңа ғылыми бағыттардың қалыптасуына және зерттеу сапасының артуына ықпал етіп отыр.

Сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамын қолдауға арналған конкурстық зерттеу гранттары бағдарламасы (FD-CRGP) арқылы 159 ғылыми жобаға қолдау көрсетілген. Бұл бастама іргелі және қолданбалы ғылымды қатар дамытуға бағытталған. Ең маңыздысы, ғылыми мансаптың барлық кезеңіндегі зерттеушілерге, яғни жас ғалымдардан бастап тәжірибелі профессорларға дейін тең мүмкіндік берілген.

Жобалардың тақырыптық аясы да кең: биомедицина, жаңа материалдар, энергия технологиялары, жасанды интеллект, денсаулық сақтау, астрофизика, білім беру, тұрақты даму, мінезқұлық экономикасы, мемлекеттік саясатты талдау, медициналық робототехника. Мұндай әртараптық ғылыми эко-

Университет қабырғасында жүзеге асырылып жатқан жобалардың мазмұнына қарасақ, олардың көпшілігі әлемдік деңгейдегі технологиялық трендтерге сай.

Профессор Жұмабай Бекенов жетекшілік ететін топ литий-ионды батареялар өндірісін жолға қоюға кіріскен. Бұл жоба Қазақстанның технологиялық тәуелсіздігі үшін стратегиялық маңызға ие. Сондай-ақ күн мен жел энергиясына негізделген «жасыл сутегі» өндіру қондырғысы әзірленген. Бұл – болашақ

өткізіледі. ERG, Қазатомпром, QazaqGaz секілді алпауыттармен диалог орнатылған. Дегенмен әріптестік көбіне қысқамерзімді жобалармен шектеледі. Ал ұзақмерзімді, жүйелі ынтымақтастық жеткіліксіз.

Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда университеттер әлі де көбіне кадр даярлаушы рөлінде қалып отыр. Ал инновация жасау және оны нарыққа шығару процесінде олардың рөлі шектеулі.

Зияткерлік меншік саласындағы тәжірибе де осыны көрсетеді. Көп жағдайда ғылыми нәтижелер патенттелгенімен, олар экономикалық өнімге айнамайды. Себебі бизнес «дайын патентті» емес, нақты мәселені шешетін қолданбалы технологияны қажет етеді. Яғни, ғылым көбіне «ұсынады», ал өндіріс «сұрамайды». Нәтижесінде, екі

зерттеулер. Бұл жағдайда бизнес нақты міндет қойып, оны қаржыландырады.

Жаңа Салық кодексінде ғылымды қаржыландыратын кәсіпорындарға 300%-ға дейін салықтық шегерім қарастырылғаны да осы байланысты күшейтуге бағытталған. Алайда бұл мүмкіндіктер әлі толық пайдаланылып отырған жоқ.

NU-дың даму кеңсесінің басшысы Динара Бердыханова университетті инновациялық саясаттың пилоттық алаңына айналдыру қажет деген ұсыныс айтады. Оның айтуынша, зияткерлік меншікті жеке өнім ретінде емес, серіктестікті дамытудың құралы ретінде қарастыру керек.

# ҒЫЛЫМ HӘM ӨНДІРІC:

## САПАНЫҢ ЖАЙЫ ҚАНДАЙ?

жүйенің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

**ЖЕКЕЛЕГЕН  
МЫСАЛДАРДЫ ЖАҚСЫ  
НӘТИЖЕ ДЕЙ АЛАМЫЗ БА?**

Бірден ауызды қу шөппен сүртпейік. Университет ғылыми әзірлемелерді өндіріс саласына енгізу бағытында бір-қатар нәтижеге қол жеткізгенімен атап өту абзал. Өнеркәсіптік компаниялардың бастамасымен жүзеге асқан 30-ға жуық жоба өндірістік үдеріске енгізілген.

Мәселен, «Самұрық-Энерго» компаниясымен бірлесіп, Екібастұз көмірін тиімді жағу және жылу электр стансаларында көмірқышқыл газын ұстау технологиялары әзірленген. Бұл шешімдер энергия тиімділігін арттырып қана қоймай, экологиялық жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Мұнай-газ секторында құбыр жүйелерін модельдеу, коррозияны зерттеу және алдын алу бойынша жобалар жүзеге асқан. Бұл инфрақұрылымның сенімділігін арттырып, шығындарды азайтуға ықпал етеді.

«Самұрық-Қазына» қорының «Самғау» платформасы арқылы мұнай қабаттарының өнімділігін арттыру және ұңғымаларды уақытша тоқтату технологияларын жетілдіру жобалары іске асырылуда.

Металлургияда өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу, сирек металдарды бөліп алу бағытындағы зерттеулер де назар аудартады. Сонымен қатар цифрландыру саласында КАМАЗ және ВИСТ Азиямен бірге жүргізушісіз келік алгоритмдері әзірленген.

Бірақ осының бәрі жекелеген мысалдар ғана. Жалпы, ғылыми жобалардың ауқымымен салыстырғанда, өндірісте нақты қолданылып жатқан жобалар саны әлі де шектеулі.



энергетиканың негізі саналатын бағыт.

Қатерлі ісік жасушаларын анықтайтын арзан әрі дәл құрылғы, инсульттан кейінгі науқастарға арналған A.GEAR экзоскелеті, аутизмді бар балаларды оналтуға арналған роботтық терапия, спортшыларға арналған «ақылды» ұлтрақтар – мұның бәрі нақты нарықтық сұранысы бар жобалар.

Алайда осы жобалардың қаншасы нақты өндірістік циклға еніп, тұрақты өнімге айналып жатыр?

**НЕГІЗГІ ТҮЙТКІЛ –  
ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІC  
АРАСЫНЫҢ АЛШАҚТЫҒЫ**

Nazarbayev University өнеркәсіптік серіктестік бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Университет жанынан индустриялық комитеттер құрылып, ірі компаниялармен технологиялық сессиялар

тараптың арасында алшақтық пайда болады.

**НАРЫҚҚА ШЫҒУДЫҢ  
ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?**

Қазіргі инновациялық модель көбіне пассивті лицензиялауға сүйенеді. Бірақ халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тиімді модель – келісімшарттық

«Мысалы, бұл тараптардың үлестеріне сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын бөлудің сараланған модельдерін әзірлеуді және енгізуді қамтуы мүмкін. Сонымен қатар индустрия сұранысына бағытталған жобалар портфелін қалыптастыру; ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтетін аландарды дамыту (салалық форумдар, жұмыс топтары, сараптамалық кездесулер, бейресми нетворкинг форматтары). Осындай бастамалар өнеркәсіптік серіктестермен тиімді ықпалдастықты қалыптастыруға және бірлескен жобаларды іске асыруға берік негіз бола алады», – дейді ол.

Бүгінде Nazarbayev University ғылыми жобалардың саны мен сапасы жағынан елдегі жетекші орталықтардың бірі екені анық. Университетте идея да бар, кадр да бар, инфрақұрылым да қалыптасқан.

Бірақ басты мәселе – осы әлеуеттің экономикаға толық жұмыс істемеуінде. Ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтпейінше, зертханалардағы жаңалықтар өндіріс цехтарына жете алмайды. Ал бұл өз кезегінде елдің технологиялық тәуелсіздігі мен инновациялық дамуын тежейді.

Қазақстан үшін ендігі міндет – ғылымды қаржыландыру ғана емес, оны жандандыру, яғни нақты экономикалық нәтиже беретін жүйеге айналдыру.



Жылдар тек уақыт өлшемі емес, ол – тәжірибе, сабақ, шыңдалу мен толысудың жарқын жаршысы. Сынаптай сырғыған сол уақыттың әрбір өткелінде белгілі бір бұлтартпас баспалдақтар болады. Мысалы, Мұрат Ергешбаевтың аяқ басқан алпысыншы көктемі жай ғана мерейлі жас межесі емес, бұл – азаматтың кемеліне келіп, көргені мен түйгені таразыға түсетін, өткен жолына байыппен көз жүгіртіп, болашаққа нық қадам жасайтын жаймашуақ кезеңі дер едім.

Жалпы, уақыт үстемдігі адам ғұмырының ең әділ төрешісі ғой. Ол ешкімге аялдамайды, ешкімді күтпейді. Бірақ сол тынымсыз ағыс ішінде әр адамның жүріп өткен жолы, қалдырған ізі, атқарған ісі арқылы өмірінің мәні мен салмағы айқындала береді.

Осы ретте заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев айтқан: «Жақсысын ұлықтамау, жайсаңын қызықтамау – өз ырысын өзі тепкендік, өз тілеуін өзі кескендік болар еді» деген тағылымды ой еріксіз еске түседі. Себебі әрбір сұңғыла сөздің астарынан атпал азаматтың ажарын, бейнесін аңғаруға болады. Сол негізді алға тартып, біз Мұрат Ергешбаевты қайраткерлік болмыс-бітімін баян етуге бекіндік.

Асылы, зерделеп, байыппен ой елегінен өткізсем, Мұрат Нәлқожаұлымен арадағы сыйластық 30 жылға жуық уақытты камтыпты. Уақыттың жылдамдығы білінбегенімен, сол жылдардың әр белесі жадымда айқын сақталған.

Алғашқы жүздесуіміз 90-жылдардың орта тұсы-тұғын. Білім беру саласында үш жыл жұмыс істеген соң мемлекеттік қызметке енді ғана қадам басып, Қызылорда қаласы әкімдігінде қатардағы маман ретінде еңбек жолымды жалғастырып жүрген шағым еді. Ал сол кезеңге дейін Мұрат Нәлқожаұлы ауыл шаруашылығы саласында экономист, банк саласы құрылымдарында, оның ішінде Халық банкінің облыстық филиалының директоры қызметтерінде басқарушылық баспалдақтарынан өтіп, облыс әкімінің орынбасарының, бүгінде «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының иегері Қамбарбек Әжібековтің кеңесшісі қызметін атқаратын. Сол бір сәттен-ақ Мұрат Нәлқожаұлының бекзат болмысы мен іске мығым, орнықты мінезі ерекше әсер қалдырды. Іскерлігіне ішім жылып, қабілетіне қызыға қарадым. Сөйтіп, сырттай сүйсініп жүрдім.

2000-жылдардың басында тағдыр бізді қайта тоғыстырды. Ол облыстық Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары қызметінде болса, мен облыстық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары едім. Бұл кезеңдегі кәсіби араласуымыз біртіндеп қызметтік қарым-қатынастан асып, адами сыйластық пен өзара сенімге негізделген әріптеске айналды.

Аунап айлар, жылжып жылдар өтіп жатты. Әуелгі әріптестік енді сенімді серікке, тамыры терең достыққа ұласты. Мұрат Нәлқожаұлы әр жылдары Қызылорда қалалық қаржы бөлімінің бастығы, «Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамының вице-президенті қызметтерінде тәжірибе жинақтап, шыңдалу мектебінен өтті. Ол 2008 жылы Қызылорда қаласының әкімі қызметіне тағайындалып, шаһардың сан салалы тыныс-тіршілігіне араласқан шақта оның басқарушылық болмысын жаңа қырынан тануға мүмкіндік туды.

Әртүрлі деңгейдегі жауапты қызметтерде жүріп, оның негізгі ұстанымы өзгермегені байқалды. Қандай жағдайда болмасын, сабыр сақтап, істі жүйелі түрде шешуге ұмтылып, әр әрекетінің түп төркінінде «елге пайдам тисе» деген ішкі қағида жататын.

Осы мінезі оның Қызылорда қаласының және бірнеше ауданның әкімі қызметін



## МЕМЛЕКЕТШІЛ МІНЕЗ ИЕСІ

атқарғанында да айқын көрінді. Мұрат Нәлқожаұлы әсіресе Қызылорда қаласының әкімі қызметінде жаңашыл істерімен танылды. Сыр өңірінің бас шаһарының инфрақұрылымын дамыту мен оның тұрақты тіршілігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Оның бастамасымен жол-көлік, энергетика, сумен және газбен қамту салалары жаңғыртылып, бірқатар көше күрделі жөндеуден өтті, нәтижесінде тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейі артты. Қызылорда қаласындағы жылу электр орталығы мазуттан газға ауыстырылып, екі қазандығы толық қайта жаңғыртудан өткізілді. Ескі әуежайдың бұрынғы ұшу-кону алаңы қайта жөнделіп, Астана



**Қандай жағдайда болмасын, сабыр сақтап, істі жүйелі түрде шешуге ұмтылып, әр әрекетінің түп төркінінде «елге пайдам тисе» деген ішкі қағида жататын.**

даңғылына айналды. Облыс орталығының көріз жүйесі күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар қаланың тазалығы және өңірлік бағдарламалардың орындалуын үйлестіріп, өңірдің орталығы өмірінің маңызды салаларына тиімді басқару жүргізді. Осы кезеңде жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салынып, қаланың сәулеттік келбеті ажарланып, шағын және орта бизнестің дамуы да серпін алды.

Одан әрі Қармақшы, Шиелі, Қазалы, Сырдария аудандарын басқарған жылдары ол тек әкім ретінде емес, нақты нәтижеге жұмыс істейтін кәсіби ұйымдастырушы ретінде танылды. Осы кезеңде бұл аудандарда ауқымды жұмыстар атқарылып, өңір халқының тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған нақты жобалар жүзеге асты. Елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлап, ортақ мүдде орайында озық дәстүрді қалыптастырды. Мұндай ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігі ұштасқан білікті басшының квазимемлекеттік сектор мен мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен мол

тәжірибесі, кез келген істі жүйелі үйлестіре білетін кәсібилігі, тегеурінді табандылығы мен жоғары жауапкершілігі шешуші рөл атқарды. Әсіресе, әлеуметтік саладағы шешімдері мен бастамалары уақыт сынынан өтіп, халық жадында жатталып қалды.

Расында, Мұрат Ергешбаев – сөзбен емес, іспен сөйлейтін адамдардың қатарынан. Сондықтан да ол қай қызметте жүрсе де, нәтижеге жұмыс істеуді басты қағида етеді. Баянды бірлік пен байсалды тірлік мақсатын жеке тұтады.

Бүгінде тағдыр бізді заң шығару саласында тоғыстырды. Мен – Сенатта, ол – Мәжілісте. Бұл да өмірдің өзіндік заңдылығы секілді. Бірақ бір нәрсе анық, ол Мәжіліске кездейсоқ келген жоқ. Ол – халықтың ортасынан шыққан, өмір мектебінен өткен, тәжірибесі толысқан мемлекетшіл тұлға ретінде келді.

«Адамға ең қымбат нәрсе – жұрттың қамы, жұрттың ісі», – деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, Мұрат Нәлқожаұлы Парламент мінберінен өзекті мәселелерді батыл көтеретін білікті депутат ретінде танылып жүр. Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы ретінде республикалық бюджетті қабылдау процесіне де белсенді атсалысады. Экономика, су ресурстары, жер қатынастары секілді күрделі тақырыптарды жүйелі түрде қозғап келеді. Әсіресе, ұн экспорты, су саясаты, Арал мәселесі, жер дауы сияқты түйтілме қатысты нақты ұсыныстар айтуы – оның мемлекетшіл көзқарасының айғағы. Ол көтерген мәселелер – жай статистика емес, халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін маңызды бағыттар.

Оның тұлға ретінде қалыптасуына әсер еткен факторлар да ерекше.

Біріншісі – отбасы тәрбиесі, әке тағылымы. Мұрат Нәлқожаұлы – мемлекет және қоғам қайраткері Нәлқожа Ергешбаевтың перзенті. Әке өнегесі оның өмірлік бағдаршамы болды. Бірақ бұл жағдай оның жолын жеңілдеткен жоқ. Керісінше, әке оны өмірдің шынайы мектебінен, елдік дәстүрдің айнымас жолынан өткізді.

Алматы халық шаруашылығы институтында оқыған жылдары ол қатарластары секілді жатақханада тұрып, өмірдің қарапайым тіршілігін бастан өткерді. Бұл оның өз күшімен өмір сүруге үйренуіне, еңбектің қадірін түсінуіне жол ашты. Әскер қатарындағы 2 жылдық борышын шекара күзеті

қызметінде өтеуі де оның өміріндегі маңызды кезең болды. Әскери тәртіп пен жауапкершілік оның мінезін шыңдады.

Кеңестік кезеңдегі беделді оқу орны саналатын Алматы халық шаруашылығы институтын тәмамдап, елге оралған тұста да әкенің ұстанымы өзгерген жоқ. «Алдымен ауылға бар» деген бірауыз сөздің астарында терең мән жатты. Осылайша, Мұрат Нәлқожаұлы Сырдария ауданындағы Жамбыл атындағы совхозда қарапайым экономист-маман ретінде еңбек жолын бастады. Бұл кезең оның елмен етене араласып, қарапайым халықтың тыныс-тіршілігін тереңінен таныған, өмірге деген көзқарасы қалыптасқан шақ болды.

Әкенің осындай өмірлік мектебі жас маманды шыңдап қана қойған жоқ, оны халықтың мұңын түсінетін, жауапкершілікті терең сезінетін азамат етіп қалыптастырды. Қай қызмет жүктелсе де, оны мүдірмей, мінсіз атқаруы – сол тәрбиенің жемісі.

Екіншіден, алдыңғы аға буынның жанашыр қамқорлығы оның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етті. Осы тұрғыда оның өмірінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаев айрықша орын алады.

Ел тәуелсіздігі кезеңінде саяси сахнаға шыққан ұлттық кадрлардың алғашқы легінің көрнекті өкілі Бердібек Машбекұлы Мұрат Ергешбаевтың мемлекеттік қызметке келуіне ықпал еткен, бағыт-бағдар берген ұстазының бірі әрі бірегейі болды. Оның сенімі мен қолдауы жас маманның үлкен саясатқа қадам басуына жол ашты. Бұл тәлім мен сенімнің, тәжірибе мен мүмкіндіктің үйлескен тұсы еді.

Ол өзінің естелік мақаласында: «Менің Бердібек Машбекұлымен таныстығым 1996 жылдан басталады. Сол жылы ол Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалып, аймақ дамуына тың серпін әкелді. Іскер басшының бастамаларымен өңірде қарқынды өзгерістер жүріп, жаңа басқару қарқынды қалыптаса бастады.

Көп ұзамай ол біздің шаңыраққа арнайы келіп, әкеммен жүздесті. Өңгіме барысында өңірдің болашағы, алдағы жоспарлар кеңінен қозғалып, кейін әкемді түрлі қоғамдық-саяси, рухани-мәдени іс-шараға тартып отырды. Осы арқылы ол елге еңбегі сіңген азаматтарды назардан тыс қалдырмайтын, тәжірибені бағалай білетін тұлға екенін аңғартты.

Бір күні әкем мені оңаша шақырып, мемлекеттік қызметке ауысу туралы байыпты кеңес берді. Бір түсінгенім, әкем менің мемлекеттік қызметке ауысуым бойынша Бердібек Машбекұлымен ақылдасқан екен. Осылайша, мен облыс әкімдігіне қызметке келіп, жаңа талап пен жоғары жауапкершілікке толы ортаға түстім. Бұл – мен үшін үлкен мектеп болды. Ал сол таңдауға себепкер болған Бердібек Машбекұлының сенімі мен бағыт-бағдары өмірлік жолыма елеулі әсер еткенін ерекше атап өткен жөн», – деп еске алады.

Сөйтіп, мемлекеттік қызметке келіп, Қызылорда облысы әкімінің орынбасарының кеңесшісі лауазымын атқарады. Кейін қызмет еткен қаржы, әлеуметтік қорғау, төтенше жағдайлар, жергілікті басқару, ұлттық экономика саласында – осының бәрінде оның жан-жақты тәжірибесі қалыптасты. Ол әрбір маңызды саланы ерекшелігін терең меңгеріп, оны ел игілігіне тиімді пайдалана білді.

Мұрат Ергешбаевтың басты қасиетінің бірі – кішіпейілділік пен қарапайымдылық. Ол ешқашан өзінің шыққан тегін алға тартпайды. Керісінше, «халықтың баласы болу» әдебин ұстанады. Сондықтан да ол қай ортада жүрсе де, елден кіндік үзген емес.

Бүгінде ол – тек Парламент Мәжілісінің депутаты емес, ел ағасы, мемлекет және қоғам қайраткері деңгейіне көтерілген тұлға. Көптің сөзін тыңдай алатын, қажет жерде төрелік айта білетін, жауапкершілікті терең сезінетін азамат.

**Руслан РҮСТЕМОВ,**  
Парламент Сенатының депутаты

## ЖӘДІГЕР

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ



жүргізілді. Қазба жұмыстары кезінде керуен сарайдың мәдени қабаттары анықталды. Сол секілді археологиялық жәдігерлерді дәйек етіп алып, нысанның іргетасы қаланған уақыты айқындалды. Мәдени қабаттардың негізінде «Төрткүлдің» іргетасы қайта тұрғызылып, жекелеген бөліктеріне қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бертін келе керуен сарайда қазба жұмыстары жалғасып, оның ашық аспан асты мұражайының жобасы әзірленді. Нәтижесінде, 2010 жылы «Төрткүл» керуен



Керуен сарайынан мешіттің табылуы кездейсоқтық емес. Өйткені ел арасында бертінге дейін «Төрткүл» орнын «ескі мешіт» деп атаған. Кей деректерге сүйенсек, мұнда Керімбай болыс салдырған мешіт пен медресе орналасқан. Алайда

найы тандалған материалдармен күшейтіліп, безендірілуде. Айталық, сыртқы бөліктері Өзбекстанның Самарканд қаласынан әкелінген кірпішпен қапталып, ауласына Жамбыл жерінде шығарылатын жергілікті тастар төселеді. Қазір құрылыс алаңында 80-нен астам жұмысшы еңбек етуде. Жөндеу жұмыстары белгіленген жоспарға сай, кезек-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Былтырғы жылдың соңына таман басталған жаңғырту жұмыстарын биыл шілде айында аяқтауды жоспарлап отырмыз, — дейді мердігер компанияның учаске басшысы Елдос Бегімбаев.

Керуен сарайында қазір қолға алынған ілкімді істерге әулиеаталықтар да дән риза. Солардың қатарында Тараз қаласының тұрғыны Бибігүл Үсіпбаева да бар.

— Кешен ең алғаш ашылғанда қалаға сән де беріп тұрушы еді. Онда ағылған оқушылар мен туристердің қарасы қалың болатын. Алайда уақытылы күтім жасалмағандықтан, сарай шатыры тесіліп, жаңбыр жауса, іші суға толып қалатын. Электр желілері де үзіліп, QR коды қирап жатты. Дегенмен биыл қайта қалпына келтіру жұмыстары басталғанын естіп қуандым. Себебі «Төрткүл» қатардағы көп нысанның бірі ғана емес, ол — біздің өткенімізден сыр шертіп, тарихымызды көзбен көріп, сезінуге мүмкіндік беретін ерекше орын. Осындай кешендер өскелең ұрпаққа рухани азық беріп, олардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырады. Балаларымыз кітаптан ғана емес, осындай орындар арқылы да тарихты таныса, әсері әлдеқайда терең болары сөзсіз. Сонымен қатар бұл туристерді тартуға да үлкен ықпал етеді. Қаламызға келген қонақтар осындай тарихи кешендерді аралап, өңіріміздің бай мәдениетімен танысуға мүмкіндік алады. Сондықтан «Төрткүл» сияқты нысандарды күтіп-баптап, заман талабына сай жаңғыртып отыру — өте маңызды әрі құптарлық іс, — дейді шаһар тұрғыны.

Иә, алдағы уақытта кешеннің толық іске қосылуы өңірдің туристік әлеуетін арттырып, Тараздың тарихи келбетін айшықтай түсері сөзсіз. Ең бастысы, осын дай игі бастамалар жүйелі түрде жалғасып, тарихи орындарға деген жанашырлық қоғамның ортақ жауапкершілігіне айналуда. Сонда ғана бабалар аманаты болашақ ұрпаққа бұзылмай, маңызын жоғалтпай жетеді.

## «ТӨРТКҮЛ»: КӨПЕСТЕРГЕ ҚҰТ БОЛҒАН мекен



Кешен ең алғаш ашылғанда қалаға сән де беріп тұрушы еді. Онда ағылған оқушылар мен туристердің қарасы қалың болатын. Алайда уақытылы күтім жасалмағандықтан, сарай шатыры тесіліп, жаңбыр жауса, іші суға толып қалатын.

сарайы ашық аспан астындағы музей болып іске қосылды.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының директоры, өлкетанушы Сауран Қалиевтің айтуы бойынша, кешен аумағынан мешіттің де орны табылған екен.

— Зерттеу жұмыстары барысында нысанның дуалдары ортағасырлық қалаларға тән топырақтан (пакса) салынғаны белгілі болды. Сондай-ақ оның аумағынан XX ғасырдың басында салынған мешіттің орны анықталды. Сонымен қатар түрлі қыш ыдыс, арабша жазуы бар мыс тиындар, жебе ұштары, үзенті секілді ат әбзелдері, бөлмеде орналасқан қазан ошақтары, сақтау қоймалары табылып, барлығы Алматыдағы археология институтына жіберілді. Кейін олар арнайы зертханалық зерттеуден өткізіліп, облыстық музейдің сақтау қорына тапсырылды. Бүгінде тарихи нысан толықтай мемлекеттің қорғауында, — дейді Сауран Қалиұлы.

Тараз — тарихымыздың темірқазығы. Бұл көне шаһарға берілген әділ баға. Талас пен Шу аңғарлары бойында орналасқан ортағасырлық көне шаһар кезінде еліміздің өндірістік және мәдени орталықтарының бірі болғаны белгілі. Тараз жайындағы алғашқы мәліметтер VI ғасырға жататын Византия жазба деректерінде кездеседі.

**А** Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Жалпы, ерте дәуірлерден-ақ Тараз сыртқы елдермен сауда және мәдени байланыстар арқылы тығыз қатынас орнатқан. Археологиялық қазба жұмыстары шаһардың ежелгі орнында түрлі өркениеттің болғанын айқын дәлелдейді. Солардың бірі — «Төрткүл» керуен сарайы. Бұл кешен IX ғасырда ірге көтеріп, 4 ғасыр бойы сауда орталығына айналған. Керуен сарайының жалпы аумағы 100 шаршы метрден асады. Қорғандарының биіктігі шамамен 5 метрді құраса, қалыңдығы да сол мөлшерге жуық. Қорған айналасында төрт мұнара орналасып, оңтүстік және солтүстік жағында 8 метрлік екі қақпа салынған. Негізгі қақпаның екі шетіндегі төрт бөлмеде колданбалы өнер шеберханалары жұмыс істеген.



Кешенде қонақүй, жүк таситын түйе мен жылқыларға арналған қоралар, сонымен қатар түрлі затты сақтайтын қоймалар қарастырылған. Бұл жерлерде керуендер мен олардың құрамын қарақшылардан қорғауға арналған арнайы жасақтар да қызмет атқарған екен.

Кешендегі көптеген сарай екі бөліктен тұратын дуалмен қоршалған. Дуалдар тік төртбұрышты пішінді болып, ішкі алаңқайлары әртүрлі мақсаттағы бөлмелермен жабдықталған.

«Төрткүл» керуен-сарайына зерттеу жұмыстары өткен ғасырдың 80-жылдарынан жүргізіле бастады. Қазақстан Ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Тараз археологиялық экспедициясы алғаш болып кешен аумағына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Археологтар алғашында қаланың салыну жобасын анықтады. Сондай-ақ қазба жұмыстары кезінде табылған бағалы заттар да кешеннің керуен сарай болғанын растайды. Қазба кезінде табылған қыш бұйымдардың өңделу тәсілі керуен сарайдың XI-XIII ғасырларға жататынының айғағы саналады.

Араға 20 жылдан астам уақыт салып Жамбыл облысы әкімдігінің Мәдениет және құжаттама, архивтер басқармасымен «Төрткүл» керуен сарайына ғылыми-зерттеу жұмыстары қайта

## АЙМАҚ

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кітапхана саласын дамыту мәселесіне ерекше тоқталды. Келелі кеңесте кітапханалардың қоғамдағы рөлін күшейтуге мән беріп, материалдық-техникалық базасын заманауи талаптарға сай жаңғырту қажеттігін тапсырды.



**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Мемлекет басшысы жиында биылғы жыл Қызылорда облысы үшін маңызды бастамалардың тоғысқан кезеңі болатынын жеткізді. Атап айтқанда, жыл еншісінде өңірде жаңа заманауи кітапхана мен драма театр құрылысы жоспарланып отырғанын жариялады. Өз кезегінде бұл жобалардың әрбірі аймақтың мәдени-рухани дамуына тың серпін беретінін ерекше атап өтті.

Жалпы, Сыр өңірінде кітапхана салу бастамасы жоғары мәнге ие. Жаңа құтхана тек кітап сақтайтын орын емес, білім мен мәдениеттің, цифрлық технологиялар мен инновациялардың орталығына айналдыруға бағытталып отырған бірегей жоба саналады. Өйткені жаңа кітапхана ғимаратын заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған көпфункционалды орталыққа айналдыру көзделген.

Аймақтық айшықты келбетіне айналатын жаңа кітапхана ғимараты өңірдің ірі зияткерлік орталығы болады деп күтілуде. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метрді

## ЖАҢА КІТАПХАНАНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ МОЛ

құрайтын нысанда миллионнан астам кітап қоры сақталатын болады. Оған жыл сайын 300 мыңға жуық оқырман келіп, білім нәрімен сусындайды деп жоспарланған. Заманауи құтханада ашық оқу залдары, медиа-зертхана, подкаст студиясы және цифрлық ресурстармен жұмыс істеуге арналған арнайы кеңістіктер қарастырылатын болады.

Негізі, Қызылорда облысының кітапхана саласында соңғы жылдары қарқынды даму үдерісі байқалады. Бүгінде өңірдегі 209 мемлекеттік кітапхана халыққа заман талабына сай қызмет көрсетіп келеді. Бұл жөнінде Әбділла Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының міндетін атқарушы Айгүл Жанғабыловадан сұрап білдік.

«Аймақта кітап оқу мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Халықтың кітап оқуға деген қызығушылығының артып келе жатқаны бай-

қалады. Мұны кейінгі кездегі оң көрсеткіштен байқауға болады. Атап айтқанда, өткен жылдың қорытындысы бойынша кітапханалар 266 103 оқырманды қамтыған. Сондай-ақ былтыр облыс кітапханаларында 10 818 мәдени іс-шара ұйымдастырылып, оған 257 557 адам қатысты. Бұл іс-шаралар оқырман санын арттырып қана қоймай, рухани құндылықтарды дәріптеуге де үлкен үлес қосып отыр», — дейді бұл жөнінде Айгүл Есенқызы.

Кітапхана басшылығының мәлімдеуінше, облыста жастарды кітапханаға тарту мақсатында жаңа форматтағы жүйелі бастамаларға бетбұрыс жасала бастады. Оның ішінде кітапханалардан коворкинг орталықтарын ашу ісінде ілгерілеушілік бар. Нәтижесінде, аймақтағы 89 кітапханада коворкинг орталығы жанданып, жастардың білім алып, шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беретін заманауи алаңға айналдырылты.

Өткен жылы Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ғимаратына ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілген. Соның негізінде оқу залы, өнер залы, мерзімді басылымдар бөлімі, коворкинг орталығы мен электронды оқу залы жаңартылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасалды. Мұны кітапхананы заманауи талаптарға сай бейімдеудің нақты көрінісі деуге болады.

«Аймағымызда ашылған «Руханият» орталықтары да кітапхана қызметінің жүйесіне

бағытта кітапханалар дәстүрлі кітап мәдениеті мен заманауи цифрлық технологияларды қатар үйлестіріп келеді.

Биылғы 2026 жыл Президенттің пәрменімен «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялағаны мәлім. Бұл кітапхана саласына да жаңа міндеттер жүктеп отырғаны аңғарылады. Яғни, кітапханашылар атаулы жыл аясында жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланып, оқырмандарға қызмет көрсетуді жетілдіре бастаған. Нақты айтқанда, цифрландыру бағытында облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында 74 компьютер жергілікті желіге қосылып, интернет 100 мбит/сек жылдамдықта жұмыс жасап тұр. Соның негізінде, электронды каталогтағы кітап саны 403 091 данаға жетсе, оның ішінде қазақ тіліндегі кітап қорының үлесі айтарлықтай басым.

Сонымен қатар бүгінгі күнге дейін кітапханада 9399 кітап (1 858 119 бет) цифрлық форматқа көшірілген. Сол сияқты сирек қордағы 917 кітап пен облыстық газеттердің жүздеген топтамасы да цифрландырылғанын айтады.

Кітапхана басшысы сала мамандарының жетістіктерімен де мақтанатынын жеткізді. Бұл тұрғыда өткен жылы кітапханашылар республикалық және облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, кәсіби біліктіліктерін жоғары деңгейде таныта білгенін ерекше атап өтті.

Жалпы, Сыр өңіріндегі дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырған руханият ордаларында атқарылған жұмыстардың ауқымы кең. Алдағы уақытта заманауи талаптарға сай салынатын жаңа кітапхана аймақтың зияткерлік әлеуетін нығайтып, цифрландыру мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін одан әрі кеңінен пайдалануға оң ықпал боларына сенім зор.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП  
ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІНІ

## «МИГРАНТ» ОПЕРАЦИЯСЫ НЕНІ КӨРСЕТТІ?

Шымкент қаласында жуырда өткен «Мигрант» жедел-профилактикалық іс-шарасының қорытындысы көші-қон саласындағы өзекті мәселелердің әлі де толық шешілмегенін айқын көрсетті. Небәрі төрт күн ішінде 710 құқықбұзушылықтың анықталуы бұл тек бір қаланың көрсеткіші ғана емес, жалпы елдегі көші-қон процестерінің күрделілігін аңғартатын маңызды индикатор.

**А** Назгүл НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы

Қазақстанда «Мигрант» сияқты жедел-профилактикалық іс-шаралар жыл сайын тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұған дейінгі кең ауқымды операциялардың бірінде 9 мыңнан астам құқықбұзушылық тіркелсе, 600-ден астам шетел азаматын елден шығару туралы шешім қабылданған. Ал 2025 жылғы ұқсас шараларда 10 мыңға жуық заңбұзушылық анықталып, мыңнан астам адамға елге кіруге тыйым салынған. Бұл деректер қазіргі Шымкенттегі жағдай кездейсоқ емес екенін, керісінше, ел

көлеміндегі тұрақты үрдістің бір бөлігі екенін дәлелдейді.

Сарапшылардың айтуынша, анықталған құқықбұзушылықтардың басым бөлігі бірнеше негізгі бағытқа шоғырланған. Олар елде болу мерзімін бұзу, тіркеусіз жүру, заңсыз еңбек қызметі және жұмыс берушілердің шетелдік азаматтарды заңсыз тартуы сынды заңбұзушылықтарға барады. Демек, байқағанымыздай, жауапкершілік тек шетел азаматтарына ғана емес, Қазақстан азаматтарына да жүктеліп отыр. Бұл көленкелі еңбек нарығының әлі де сақталып отырғанын көрсетеді.

Шымкентте бұл мәселенің өзекті болуының өзіндік себептері бар. Өйткені Шымкент — еліміздегі қарқынды дамып келе жатқан мегаполистердің бірі. Құрылыс, сауда, қызмет көрсету салаларының кеңеюі жұмыс күшіне деген сұранысты арттырды. Нәтижесінде, шетелдік еңбек мигранттарының ағымы көбейіп отыр. Яғни, бұл табиғи экономикалық процесс. Алайда бақылаудың әлсіздігі немесе заң талаптарының сақталмауының салдарынан әділетсіз бәсекеге, салықтан жалтаруға және әлеуметтік шиеленістерге алып келуі мүмкін.

Сондықтан мұндай рейдтердің өткізілуі тек әкімшілік шара емес, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің бір тетігі. Соңғы іс-шара барысында 276 шетел азаматы арнайы қабылдау-тарату орнына орналастырылып, 103 адам сот шешімімен елден шығарылды. Бұл заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етудегі нақты қадамдар. Дегенмен сарапшылар мұндай шаралардың көбіне салдармен күрес екенін айтады. Яғни, заңбұзушылық орын алғаннан кейін ғана



әрекет жасалады. Ал мәселені түбегейлі шешу үшін көші-қон рәсімдерін жеңілдету және жұмыс берушілерге қатаң бақылауды күшейту қажет-ақ. Сондай-ақ цифрлық тіркеу жүйелерін дамыту, түсіндіру жұмыстарын күшейту де нәтиже берері анық.


Шымкенттегі жағдай басқа өңірлердегі ахуалмен ұқсас. Мысалы, кейінгі жылдары еліміздің әртүрлі аймағында жүргізілген рейдтерде ондаған, тіпті жүздеген құқықбұзушылық тіркеліп отыр. Бұл көші-қон мәселесінің локалды емес, ұлттық деңгейдегі проблема екенін көрсетеді. Сонымен қатар соңғы жылдары Қазақстанға

келетін мигранттар санының артуы да байқалады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік бақылау жүйесіне қосымша жүктеме түсіреді. Айта кетейік, көші-қон кез келген дамушы экономика үшін қалыпты құбылыс. Қазақстан үшін де шетелдік жұмыс күші экономиканың кейбір салаларын дамытуға ықпал етеді. Алайда бұл процес заң аясында ашық әрі бақыланатын түрде жүзеге асуға тиіс. Алдағы кезеңде мемлекет үшін басты міндет — қатаң бақылау мен қолайлы көші-қон саясатының арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Сонда ғана бұл саладағы мәселелер жүйелі түрде шешімін табады деген сөзсіз.

## ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

4 СӘУІР 2026 | СЕНБІ

Заманауи технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде роботтардың күнделікті тіршілігімізге етене еніп үлгергеніне куә болып жүрміз. Кезінде тек ғылыми-фантастикалық фильмдердің кейіпкері болған темір тұлғалар бүгінде адам баласы атқаратын сан алуан күрделі әрекеттерді еш қиындықсыз орындай алатын деңгейге жетті. Олардың қолданыс аясы үй шаруасынан бастап, жоғары технологиялық өндіріс орындарына дейін кеңейіп, адам еңбегін айтарлықтай жеңілдетіп келеді. Интеллектуалды машиналар адамзаттың даму жолындағы сенімді серігіне айналып, болашақтың жаңа келбетін қалыптастыруда.



## РОБОТ-ӨНЕРПАЗДАР

Биыл ақпанда Қытайдың Шанхай қаласында әлемде алғаш рет роботтардың гала-концерті өтті. Бұл ауқымды шараны Agibot компаниясы ұйымдастырып, бір сағатқа созылған шоуға 200-ден астам робот қатысты. Ерекшелігі – концерттің бүкіл әлемге тікелей эфирде көрсетілуі. Сахнада роботтар би билеп, подиуммен жүріп, синхронды хореографиялық қойылымдар, комедиялық миниатюралар, музыкалық нөмірлер мен түрлі фокус көрсетті. Шынында, кеше ғана «робот жүрсе болды» деп таңғалсақ, бүгінде олар сахнада күрделі өнер көрсетіп жүр.

Қытайдың ай күнтізбесі бойынша Жаңа жыл мерекесіне арналған гала-концертте тағы бір ерекше көрініс көпшілікті таңғалдырды. Unitree Robotics компаниясының адамға ұқсас роботтары ұшу элементтерін орындап, күрделі акробатикалық трюктер көрсетті. Бағдарламада қарумен орындалатын қимылдарды еске салатын көріністер де ұсынылды. Ал «мас жұдырық» стиліндегі қойылым тіпті қызықты болды: роботтар теңселіп жүрсе де, тепе-теңдігін жоғалтпай, кейде әдейі құлап, қайта шапшаң қозғалыспен орнынан тұрып жатты.

Компания өкілдерінің айтуынша, мұндай өнер көрсетудің негізгі мақсаты – роботтардың беріктігі мен тұрақтылығын арттыру. Яғни, егер робот күрделі жекпе-жек қимылдарын сенімді орындай алса, онда ол күнделікті өмірдегі басқа да міндеттерді қауіпсіз әрі тұрақты атқара алады.

# ТЕМІР ДЕН ТҮЙІЛГЕН СЕРІК

## ҮЙ КҮТУШІ ДЕ БОЛА АЛАДЫ

Дәл осы уақытта АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында орналасқан Weave Robotics стартапы үй шаруасына арналған жаңа робот – Isaac 0 моделін таныстырды. Бұл құрылғының басты ерекшелігі – киімдерді бүктеуге мамандануы. Роботтың жұмыс істеу принципі қарапайым: пайдаланушы жуылған киімдерді үстелге қояды, ал Isaac 0 оларды 30-90 минут ішінде реттеп, бүктеп береді. Құрылғы футболка, шорты және ұзын жеңді жейде сияқты киім түрлерін толықтай өздігінен бүктей алады.

Бағасына келсек, Isaac 0 роботын 7 999 долларға толық сатып алуға немесе айына 450 доллар төлеу арқылы пайдалануға болады. Сонымен қатар 250 доллар көлемінде қайтарымды депозит қарастырылған. Қазіргі уақытта алдын ала тапсырыс тек Сан-Франциско шығанағы тұрғындарына ғана қолжетімді. Компания бұл модельді алғашқы коммерциялық өнім әрі прототип ретінде ұсынуда. Яғни, сатып алушылар роботты пайдалану арқылы оның дамуына да үлес



қосады – жиналған деректер болашақ нұсқаларды жетілдіруге бағытталады.

## ПСИХОЛОГТАР АЗАУЫ МҮМКІН

Соңғы жылдары роботтар мен жасанды интеллект тек өндіріс пен технология саласында ғана емес, әлеуметтік және тұрмыстық бағытта да кеңінен қолданыла бастады. Әсіресе, қарттарға күтім жасау мен қызмет көрсету саласында олардың рөлі артып келеді. Былтыр жыл соңында Жапонияның Токио қаласындағы бірнеше қарт үйінде Pepper

роботтары психологиялық қолдау көрсету мақсатында енгізілді. Бұл роботтар егде жастағы адамдармен әңгімелесіп, олардың эмоциялық жағдайын бақылап, түрлі ойын арқылы көңілін көтереді. Жобаның негізгі мақсаты – қарттар арасындағы жалғыздық пен депрессия деңгейін төмендету. Алғашқы нәтижелер үміт күттірерлік: мамандардың айтуынша, роботтармен тілдескеннен кейін қариялардың көңіл күйі жақсарып, өздерін сергек сезіне бастаған.

Ұқсас тәжірибе Аустралияда да жүзеге асырылуда. Мұнда Andromeda Robotics стартапы жасаған «Аби» атты робот қарттар үйінде қызмет етеді. Биіктігі шамамен 110 сантиметр болатын бұл құрылғы қариялармен сөйлесіп, олардың әңгімесін тындап, эмоциялық қолдау көрсетеді. «Аби» адамның жүзін танып, мінез-құлқына бейімделе

алады. Сонымен қатар ол әңгімелерді жадына сақтап, 90 тілде еркін сөйлейді. Қарттар оны жай құрылғы емес, дос ретінде қабылдай бастаған. Жоба авторларының айтуынша, қариялар роботқа өмірлік естеліктерін, отбасы тарихын, махаббат хикаяларын сеніп айтады. Бұл өз кезегінде күтім жасаушы мамандардың жұмысын жеңілдетіп, олардың көмекшісіне айналуға

## ЖАТТЫҚТЫРУШЫНЫҢ ОРНЫН БАСҚАНДАР

2026 жылдың қаңтар айында Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында әскери оқу орталықтарында робот-жаттықтырушылар сынақтан өтті. Бұл технология сарбаздардың физикалық дайындығын бақылап, жаттығу процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

Робот-тренерлер әскери қызметкерлердің қозғалысын бақылап, жаттығуларды дұрыс орындауын қадағалайды. Сонымен қатар олар жаракат алу қаупін азайтып, әр сарбазға жеке бейімделген жаттығу бағдарламаларын ұсына алады. Мамандардың пікірінше, мұндай жүйе әскери дайындық сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Жалпы, роботтар бүгінде адам өмірінің түрлі саласында маңызды рөл атқара бастады. Олар өнер мен мәдениетте шоу ұйымдастырып, кейде қоғамдық өмірге күтпеген жағдайларға да себеп болып жатады. Сонымен қатар тұрмыста күнделікті жұмыстарды жеңілдетіп, өндірісте күрделі міндеттерді атқарады.

Бұл үрдіс роботтардың тек техникалық құрал емес, қоғамның бір бөлігіне айналып келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен олардың кеңінен қолданылуы қауіпсіздік, этика және адам мен машина арасындағы қарым-қатынас мәселелерін де алға тартады.

Сарапшылардың айтуынша, болашақта роботтармен өзара әрекет сапасы олардың адам өміріне қосатын пайдасы мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты болады. Егер қоғам бұл технологияларды тиімді әрі жауапкершілікпен қолдана білсе, роботтар адамзат үшін жаңа мүмкіндіктер дәуірін ашуы мүмкін.

С.БЕГІМБАЙ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ – Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҒЫЛЫ – Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЖАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklatama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4723  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілепті көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,